АҚМЕШІТ жастары

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 33 (466)
18 тамыз, 2022 жыл

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
Мағжан

◀ 15 ТАМЫЗ – СПОРТ КҮНІ

Сыр өңірінің спорт саласындағы серпілісі өзге өңірге қарағанда көш ілгері. Туған топырақтан қуат алып, төрткүл дүниенің тарландары тайталасқа түскен тартысты бәсекелерде топ жарған түлектер көбейіп келеді. Мысалы, жыл басынан бері 59 спортшымыз әлем чемпионатынан олжалы оралды. Өткен жыл да табыссыз болған жоқ. Қандай жарыс болмасын, сыр бермейтін сырбаз спортшылар үйде отырып тілеуін тілеген ағайынды толайым қуанышқа кенелтті.

Сондай-ақ өңірде жаңа гимараттар есігі айқара ашылып, жергілікті өрендердің саламатты өмір салтын серік етуіне мүмкіндік тудырды. Нәтижесінде облыс бұрын жазғы спорт түрлерінен ғана жарыстарға қатысатын. Енді бұл қатарға қысқы сайыс түрлері де қосылды. Бұған дәлел – жерлесіміз Артур Сұмағұловтың жаңалығы. Ақ бас Алатауда Элизабет Тұрсынбаеваның жүлдесі үшін өткен халықаралық жарыста Артур гран-приге қол жеткізіп, Сыр спортындағы тарихты таразылай түсті. Артурдың жеңісі Чехияға жол ашты. Ал Смағұлов 31 тамызда Прага қаласында бүкіләлемдік додада ел намысын қорғайды.

Аймақта жапон спортының шоқтығы биік. Бір емес бірнеше спортшымыз дзюдодан ел намысын Олимпиада ойындарында қорғады. Жамал Бозова, Жанар Жаңұзынова, Нұргүл Тағаева, Әділхан Қозыбаевтың ізін жалғаған Мағжан Шамшадин биыл үлкен белесті бағындырды. Загребтегі Grand Frix халықаралық турнирінен абыроймен оралды.

Бір қызығы, соңғы кездері татамидың халықаралық тұғыры өңір спортшыларына бұйырмай жүрді. Бұл жолы Мағжан қызылордалықтарды жарқын жеңісімен қуантты. Ол бұл жеңістен кейін Азия біріншілігіне қатысып, 15 күн ішінде 2 ірі халықаралық жарыста бақ сынаған. Азияда қола жүлдені місе тұтып, Париж олимпиадасына бір табан жақындай түсті. Елордада өткен бәсекеде тағы бір жерлесіміз Нұрлыхан Шархан өзінің табандылығын көрсетті. Ауыр салмақта белдескен Нұлыхан да сары құрлықтың үздік үш спортшысының қатарына енді. Жалпы дзюдо спортындағы жетістігіміз ауыз толтырып айтарлықтай. Себебі, ел құрамасының дені өңір дзюдошыларына тиесілі. Таяуда Францияның Нормандия қаласында дүниежүзілік гимназия ойындары өтіп, Самал Мәліққызы 70 елден 4000-нан аса спортшы бақ сынаған байрақты бәсекеде дзюдодан сайысқа түсіп, қоржынға қола жүлдені салды.

Биыл қазақ күресінен берекеміз артты. Бұл біздің спорттағы серпінді көрсетті. Қызылордалық балуан Мақсат Исағабылов елордада өткен «Қазақстан барысында» жеңімпаз атанды. Қуанатынымыз, спорттың бұл түрінен біздің өңір үшінші мәрте жеңіс тұғырына көтерілді. Ел болып көз тіккен додада Сыр саңлағы төрт белдесудің барлығында жеңіске жетіп, алтын белбеуді аймаққа алып келді.

Тақтай үстіндегі таңғажайып ойыннан да жаңалығымыз бар. Грецияның Родос қаласында Шахматтан (рапид, блиц) жасөспірімдер және қыздар арасында Әлем чемпионатында жерлесіміз Назерке Нұрғали керемет көрсеткіш көрсетті. Әлемнің 40 елінен кіл мықтылар жиналған чемпионатта Сыр сұлуы 7,5 ұпаймен қарсыластарын басып озып,18 жасқа дейінгі қыздар арасында Әлем чемпионы атанды. Сонымен қатар Назерке биыл ұлттық құрама сапына еніп, Үндістанда өткен олимпиада ойынында ел намысын қорғап, жоғары нәтижеге қол жеткізді.

Миллиондардың ойыны саналатын футболдан да аймағымыз тарихи жағдайдың куәсі болды. 55 жылдық тарихы бар «Қайсар» футбол командасы Қазақстан кубогында табысты өнер көрсетуде. Іріктеу кезеңінен іркілмей өткен «дала қасқырлары» топтық кезеңде сенсациялық жеңістерді тіркеді. «Ақжайық», «Қызылжар», «Каспий» секілді азулы командаларды жеңіп, ширек финалға топтан 1-орынмен өтті. Бір қызығы, Қазақстан футболының тарихында бірінші лигада бақ сынайтын командалар бұрын-соңды ел кубогының ширек финалына жолдама алып көрмеген. Бұл үрдісті «Қайсар» футбол клубы бұзды. Енді Сырдың бас командасы жеребеге сәйкес 31 тамызда «Ордабасы» футбол клубымен шеберлік байқасады.

Түркітілдес мемлекеттердің ұйымдастыруымен Түркияда Ислам ойындары өтуде. Ауыр атлетикадан Айзада Мүптілдә жалпы жиынтығы 266 келі зілтемірді бағындырып, рекордтық көрсеткіш орнатты.

Міне, биыл үлкен спортта бағымыз жанып тұр. Тамыз айына дейінгі көрсеткішті сараласақ Әлем чемпионатынан – 31, Азия чемпионатынан – 107, Қазақстан Республикасы чемпионатынан – 754 медальға қол жеткіздік. Спорт мерекесі қарсаңында Сыр спортының жетістігін бір шолуға мүмкіндік туды. Алда Париж Олимпиадасы келе жатқанын ескерсек, оғландарға әлі де тер төгу қажет екені ескеріледі. Сондықтан кәсіби мерекеде аймақ пен елдің намысын қорғап жүрген саңлақтарға бәсі биік бәсекелерде бап пен бақ қатар шапсын деп тілек қосамыз.

Ерасыл ШӘРІБЕК

БАЙҚАУ! БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

Биыл – облыстық «Ақмешіт жастары» газетінің 9 жылдық мерейтойы. Осыған орай басылым 18-27 жас аралығындағы жастар арасында «Ең қысқа әңгіме» байқауын жариялайды. Мақсаты – жас буынның шығармашыл әлеуетін арттыру, аймақтың әдеби дамуына үлес қосу. Байқау шартына сәйкес, жас таланттар мазмұн ерекшелігін бұзбай, ерікін тақырыпта қысқа көлемді әңгіме жазуы шарт. Үздік деп танылған жеңімпаздар Алғыс хат және арнайы сыйлықтармен марапатталады.

Қатысушылар өтінімді (шығарма, өзі жайлы мәлімет, байланыс нөмірі) басылымның электронды поштасы – aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru мекенжайына жолдауы қажет.

Өтінімдер 18 тамыз бен 3 қыркүйек аралығында қабылданады. Байқау қорытындысы мерейтой аясында, яғни 7 қыркүйек күні жарияланатын болады.

БАҒАҒА БАҚЫЛАУ БАР МА?

«Сұр көйлек, ақ фартукпенен, Келуші еді, қыздар, сәніңіз, Ақ көйлек, қызыл галстук Жарасушы едік бәріміз» – деп басталатын әндегі мектеп формасының «заманы» өтсе де, өлең шумағы білім ордасына деген сағынышты әсерлі жеткізеді. Әннің жөні өз алдына бөлек, бүгінгі қаузар тақырып – мектеп оқушыларының киім-үлгісі мен нарықтағы баға жайлы.

Базардағы бағаның күн сайын шарықтап бара жатқанын бәрі біледі. Тек азық-түлік емес, шаруашылыққа қажетті ұсақ-түйек те біршама қаржыны қажет етеді. Ал мектепке дайындалған оқушыға керек оқу-құрал бағасын іштей-ақ бағамдай беруге болады. Зерттеулерге назар аударсақ, бір жылда кеңсе тауарлары 50 процентке қымбаттаған. Ата-аналардың сөзіне сүйенсек, ұл баланың киімі мен құрал-жабдығына шамамен 85-115 мың теңге, ал қыз балаға 90-120 мың теңге жұмсалады. Бұл бір балаға қажетті қаржы, ал көпбалалы отбасылар үшін бұл бағаны бірнеше есеге көбейтуге тура келеді.

– Балалардың сабаққа дайындығы басталған тұста қымбатшылық алдымыздан шығады. Ең арзан деген дүкеннен алғанның өзінде бір баланың мектеп формасы мен оқу-құралына 40 мың теңге жұмсалады. Бір үйде бес бала болса, бұл қажеттілік 200 мың теңгеге дейін өседі. Қазақстандағы ең төменгі жалақы 60 мың деп есептесек, орташа тұрмыстағы отбасылар қаржыны қалай үнемдеуі мүмкін?! Айлығына азық-түлік ала ма, әлде баласының иілігіне жұмсай ма? Басты мәселе осы. Қазір әр балаға мектеп формасын алу үшін мемлекет тарапынан 37 мың теңге берілетіні айтылуда. Оны кім ала алады? Ата-анасының айлық есептік көрсеткіші ең төменгі күнкөріс деңгейінен асып кетпейтін балаларға ғана беріледі. Бірақ ең төменгі айлыққа қарапайым адамдар қалай күн көреді? Базарда ер баланың ең арзан деген "костюм-шалбары" – 15 400 теңге тұрады. Ең арзан аяқ киім – 5700 теңге. Оқушының ақ көйлегі – 4500 теңге. Оқу-құралға келсек, дәптер – 38 теңге, кітап қаптағыш – 200-250 теңге, ұштағыш, өшіргіш сынды ұсақ-түйек заттардың да бағасы өскен. Өткен жылы дәптерді 17 теңгеден алғанбыз. Демек, биыл баға екі есе қымбаттаған. Сонда ең арзан бағаға алдым дегеннің өзінде бір балаға 40 мың теңге қажет. Мұның өзі бастауыш сыныптың оқушысына арналған баға. Жоғары сынып оқушысына ең төменгі сапада, ең арзан бағада 80-100 мың теңге жұмсалады. Адамдар қаржысын баласынан аямайды. Сонда жалақысы аз ата-ана не істейді? Осыдан-ақ елдегі кедейшілік деңгейін бағамдауға болады. Мысалы, менің бес балама қымбат киім алып беруге шамам жетеді, бірақ айналамдағы баласына киім алып бере алмай отырған ата-ананы көргенде шырылдаймын. Көпбалалы ана ретінде жағдайды түсінемін және қолдан келгенше қайырымдылық шараларын жасауға тырысамын. Бірақ біз бірнеше отбасыны ғана қамти аламыз. Сондықтан мемлекет ата-аналардың жағдайын ескеруі керек, – дейді қала тұрғыны Жұлдыз Байрахманова.

Жуырда билік тарапынан халық арасына сүйінші хабар жеткені рас. Биылдан бастап халықтың әлеуметтік осал санатындағы 400 мыңнан аса бала мемлекеттің қаржылай қолдауына ие болады. Аталған көмек балаларға «Жалпыға міндетті білім беру» қоры арқылы беріледі. Осыған дейін бөлінген сома 17 мың мен 40 мың теңге аралығында болса, енді көмек мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінен, яғни 37 389 теңгеден төмен болмауы керек. «Балалар жылында» мемлекеттен берілетін материалдық көмектің көлемі ұлғайғаны қуантады, бірақ...

Бұл көмек баланың бәріне берілмейді. Тіпті тізімге көпбалалы отбасылар да енбеуі мүмкін. Себебі бұл материалдық көмек жан басына шаққандағы орташа табысы күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардың балаларына, сондай-ақ жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, төтенше жағдайға тап болған оқушыларға ғана беріледі.

2 бетте

Жалғасы. Басы 1-бетте

БАҒАҒА БАҚЫЛАУ БАР МА?

Осы кезге дейін оқушыларға қажетті мектеп формасын, кеңсе тауарларын жергілікті әкімдіктер алатын. Соның салдарынан киімнің сапасына, өлшеміне қатысты мәселе туындағаны да жасырын емес. Ендігі тұста мемлекеттен бөлінген қаржыға ата-ана мен баланың таңдау жасай алатыны ғана көңілге медеу. Бұл жөнінде Балалардың құқықтарын қорғау комитеті төрағасының орынбасары Дулат Жекебаев келесідей мәлімдеме жасаған еді.

«Оқу-ағарту министрлігінің өкілдері көпбалалы аналармен бір емес, бірнеше рет кездесіп, әкімдіктермен мәселелерді талқылап, олардың тілектерін ескере отырып, әлеуметтік осал балаларға көмек көрсету ережелерін өзгертуге бастама жасады. Ата-аналардың шотына ақша тікелей түсіп, мектеп формасын, кеңсе тауарларын және балаларға арналған аяқкиімді өз бетінше таңдай алуы үшін заңнамаға түзетулер енгіздік. Мұның артықшылығы – бала ата-анасымен бірге өзі таңдаған киіммен мектепке бара алатынында. Бұған дейін сатып алумен әкімдіктердің қызметкерлері айналысты. Осыған байланысты жыл сайын киімнің көлеміне, сапасына қатысты мәселелер туындап, балалар онымен жүруге ұялатын. Биыл әкімдіктер қаржылай көмек алуға тиісті барлық балаға кемінде 37 389 теңге көлемінде қаражат бөледі. Бұл ең төменгі сома, ал бұрын сомалар әртүрлі болды – 17 мың, 20 мың және 25 мың теңгеге дейін жетуі мүмкін еді. Бүгінгі таңда ең төменгі мөлшерден артық қаржы бөлетін жергілікті атқарушы органдар да бар. Біз бұны тек құптаймыз. Қаражаттың ұлғаюы бұл көмекті алатын 418 мыңнан аса балаға оң әсер етеді» деді ол.

Жоғарыда мектепке қажетті тауарлардың қымбат бағада екенін айттық. Осы мәселеге қатысты Премьер-Министр Әлихан Смайылов құзырлы органдарға мектеп формасы мен канцеляриялық тауар бағасын ұстап тұру бойынша бірқатар шұғыл шара қабылдауды тапсырған еді.

«Санаулы күндерден соң жаңа оқу жылы басталады. Ата-аналар балаларының мектеп формасы мен аяқ киімдерін, оқу құралдарын түгендеу қамына кірісті. Алайда олардың бағасы ең өзекті мәселенің бірі болып отыр.

Әлбетте, баға саясатына әлемдік логистиканың қымбаттауы, шикізат пен қызметтердің құны тікелей әсер етеді. Бірақ Үкімет пен әкімдіктерде қазақстандықтар үшін қаржылық шығындарды жеңілдетуге мүмкіндік беретін механизмдер бар. Бұл ретте мен бірқатар шұғыл шара қабылдауды тапсырдым» деді Премьер-Министр. Енді мектеп формасының бағасын ұстап тұру үшін Индустрия министрлігі «Атамекен» ҰКП-мен және әкімдіктермен бірлесіп, Жеңіл өнеркәсіп қауымдастығының, ірі тігін цехтары мен ательелердің өкілдерімен келіссөздер жүргізеді. Әкімдіктер «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп, облыс және аудан орталықтарында, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында төмендетілген бағамен мектеп жәрмеңкелерін, сондай-ақ жылжымалы мектеп автодүкендерінің шалғай ауылдарға шығуын ұйымдастырады. Осындай маңызды қадамдарды атап өткен Әлихан Смайылов бұл мәселе үнемі Үкіметтің бақылауында болатынын жеткізген еді.

Көпшілікті алаңдатқан тағы бір сауал бар. «Оқушыларға міндетті мектеп формасы енгізіледі ме, оған қандай талаптар қойылады?» деген сауал қоғам талқысына түскені рас. Кейбір ата-аналардан мектептерде мектеп формасына қойылатын талаптар, яғни түс, киім дизайны бойынша шағымдар түскен. Осыған байланысты кейбір өңірлерде білім басқармалары ата-аналар қауымдастығы және қамқоршылық кеңестерімен келіссе отырып, әр мектеп өз талаптарын қоймауы үшін өңірде бірыңғай түсті енгізуді, сол арқылы ата-аналардың таңдауына шектеу қою жөнінде шешім қабылдады. Нәтижесінде оқушылардың міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарға өзгерістер енгізіліп, бұйрық жобасы дайындалды. Бұл туралы Білім және ғылым министрлігі мектепке дейінгі және орта білім комитетінің төрағасы Гүлмира Кәрімова мәлімдеген болатын.

«Жаңа оқу жылына дайындық жаздығүні басталады. Баланы мектепте дайындауда ата-ананы ойландыратын жайттың бірі – мектеп формасы. Көптеген ата-ана мектеп формасын сапалы әрі қолжетімді бағамен сатып алғысы келеді. Бүгінгі таңда міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарға өзгерістер енгізіліп, бұйрық жобасы дайындалды. Ата-ана өзі қалаған мектеп формасын еркін таңдай алады. Барлық өңірдегі білім басқармалары мен бөлімдері ата-аналарға мектеп формасын таңдауда бірыңғай түсті ұсынады», – деді Гүлмира Кәрімова ҚР Білім және ғылым министрлігінің аппараттық жиналысында. Мектеп формасының бала тәрбиесіне әсері бар екенін айтқан ол оқушылардың киіміне эмблема немесе басқа да мектеп белгілерін жапсыруға болатынын жеткізді. Бұл жағдай оқушылар арасындағы әлеуметтік, мүліктік және өзге де айырмашылықтарды жоюы мүмкін.

Ал мектеп оқушысының білім ордасына хиджаб киіп баруына бола ма? Аталған сауалды қойғанда көпшіліктің пікірі екіге бөлінеді. Бірі мектеп оқушысының жабық киінгенін құп көрсе, енді бірі бұл формаға наразы. Осы орайда Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов формадан бұрын оқушылардың білім алуы маңызды екенін баса айтты.

«Министрліктің тиісті бұйрығы бар. Біз – зайырлы мемлекеттіз. Мектептер де зайырлы мекеме. 2016 жылдан бері қабылданған бұйрық бар. Ол өзгермеді және өз күшін жойған жоқ. Әрине, мектеп формасын сақтау керек. Алайда шындыққа тіке қарап, проблеманы жасырмауымыз қажет. Осы мәселеге қатысты балалардың мектепке бармай жүрген фактілері де бар.

Білімнің инклюзивті болуы өте маңызды, яғни осы балаларға білім беруіміз керек. Ол онлайн форматта да болуы мүмкін. Қазір мектепке бармайтын балалар не істеп жатыр? Мысалға ол балалар «шетелде оқимыз» деп мектептен құжаттарын алып кетеді. Бірақ шындығында олар Қазақстанның шекарасынан сыртқа шығып, ешқайда бармайды. Елімізде онлайн білім беру болмағандықтан көрші мемлекеттердің онлайн-мектептерінен білім оқып жатыр. Ал кейбіреуі тіпті мектепке баруды мүлде қойған. Ал мұндайға жол беруге болмайды. Балаларымыз міндетті түрде білім алуы керек» деді министр.

P.S. *Биыл мектеп формасына қатысты тақырыпта өзгеріс бар. Мемлекет жаңа мүмкіндік қарастырды. Бірақ базардағы баға екі есеге қымбаттады. Мектеп формасын таңдауға еркіндік берілді. Дегенмен мәселе түбегейлі шешілген жоқ. Әзірге балалар мектеп формасы мен оқу құралдың қымбаттығына алаңдамай, сапалы білім алса деген тілек қана бар.*

Гүлдана ЖҰМАДИН

Мемлекеттік тілдің ақсап тұрған бір тұсы – көшедегі жарнама. Маңызды мәселенің қозғалғанына біраз болғанмен шешімі әлі табылған жоқ. Оған аттап бассаң, ілулі тұрған хабарламадағы орфографиялық, стилистикалық, грамматикалық қате дәлел.

САУАТТЫ ЖАРНАМА – ҚАЛА КӨРКІ

Бүгінде көз жауын алар түрлі дизайндағы жарнама мен баннер қала көркін арттырып тұр. Дегенмен, жоғарыда айтқанымыздай мағынасыз аудармада, ережесіз қойылған тыныс белгіде шек жоқ. Мәселен, қаланың қақ ортасы – орталық аланды алсақ. Сауаттылық ақсағанын құбырға жабысқан хабарландырудағы қатеден аңғардық. Ондағы тыныс белгілердегі олқылық бірден көзге түседі. Оның үстіне кофеханалардың жанындағы орыс тіліндегі «кофе с собой» сөйлемінің қазақшасын байқасаңыз, бас шайқайсыз. Қазақша аудармасы «кофе өзіммен». Киім дүкендерінің алдынан өте бергенде «жаңа түсілім» дегенді көз шалады. Бізде тіпті «Жан кездесулер» мейрамханасы да бар екенін бірі білсе, бірі білмес. Шағын мейрамханалардың жарнамасынан «ұ», «қ» әрпін қанша іздесеңіз де таппайсыз. Кінә компьютерден дейін десең, қолмен жазылған «автокөлік коюға рұқсат жоқ» делінген ескерту ес жиғызады. Адам аяғы арылмайтын базарда «Склад», «распродажа», «оформление» сөздерінің қазашқа аудармасын таппайсыз. Сөз арасын бөтен сөзбен былғамауды ескерткен ғұлама Абай өсиетінің бүгінде қадірі кеткендей. Бұл біз байқаған кемшіліктердің бір парасы ғана. «Кеңсе тілі қазақша болмай, іс оңбайды» деп өткен ғасырдың басында үлкен мінберлерде, баспасөз беттерінде дабыл қаққан Сәкен Сейфуллиннің жанайқай жаңғырығы қазір де естілетін сияқты. Бұған мамандар не дейді?

– Тіл туралы шикілік орын алған жағдайда бөлімнің facebook, what-sapp желіліріне өтініш, шағым келіп түседі. Осы мәселе төңірегінде қалалық мәдениет басқармасымен бірлесіп тексеру жұмыстарын ұйымдастырамыз. Арыз-шағымдар тек бізге емес, сонымен қатар «Тұтынушылардың құқығын қорғау» департаментіне де жолданады, – дейді «Тілді дамыту және ономастика» бөлімінің маманы Ләззат Есімова.

«Тілді дамыту және ономастика» бөлімі мамандарының айтуынша, жыл басынан бері облыс көлемінде 600 нысан иелеріне түсіндірме жұмыстары жүргізілген. Биыл тамыз айында облыстық қоғамдық даму басқармасы, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы аймақтық филиалының өкілдерінен құрылған мобильді топ Желтоқсан көшесінің бойында орналасқан кәсіпкерлік нысандардың көрнекі ақпараттарында «Тіл туралы» Заң талаптарының сақталуын зерделеген. Кезекті мониторинг жұмыстарын жүргізген. «Тіл туралы» Заң талаптары бұзылған нәтижесінде 20 кәсіпкерлік нысан анықталды. «Қоғамдық көліктердегі мемлекеттік тілдің қолданысы» акциясы да ұйымдастырылған. Мобильді топ Қызылорда қаласындағы №12,14,15 бағыттағы қоғамдық көлік аялдамалар атауының мемлекеттік тілде жазылуына айрықша мән беріп, «Прогресс», «КИИАП», «Новостройка» деп айтылып жүрген атауларды мемлекеттік тілде бекітілген «Әділет департаменті», «Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханасы», «Сырдария шағын ауданы» нұсқаларымен жазу жөнінде ескерту жасаған.

Кемшіліктің көбі жарнама берушілерден. Сондықтан бұған тосқауыл қою мақсатында мамандар арнайы шараларды күшейтіп жатыр. Алайда, қалада заңсыз жарнаманың жалауы желбіреген көшелер әлі де болса көп.

Ал Заңға келетін болсақ, Заң жобасы аясында көрнекі ақпараттар мемлекеттік тілде қатесіз әрі түсінікті жазылуы тиіс. Мұндай міндеттеме ҚР «Тіл туралы» заңының 21-бабына енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың негізінде бекіді. Жаңа заң жобасына сәйкес, жарнамалар, кәсіп нысанындағы мәтіндер, жол белгілері, мейрамхана мен дәмханадағы ас мәзірлерін қазақ тілінде жазу міндеттелді. Басқа тілде жазу аса қажет болған жағдайда ғана жүзеге асады. ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 75-бабына сәйкес шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға 1 жыл ішінде қайталанса – 5 АЕК, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 10 АЕК, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 25АЕК мөлшерінде айыппұл салынатынын да ескерген дұрыс.

P.S. *Визуал дүние адамның өсінде міндетті түрде қалады. Сондықтан жарнама мәтінінің сауатты болуы өте маңызды. Оның үстіне жарнама қазіргі уақытқа сай қоғамның мүшесіне қатысты мәдениеттің деңгейін көрсететін сала, яғни мәдениетпен тығыз байланысты ұғым. Жарнама мәтіні ұлт тілімен, ұлттық мәдениетпен байланысты қалыптасатын жағдайда ғана өзінің негізгі мақсатын атқара алады. Осыны ұмытпағанымыз абзал...*

Әлия ТӘЖІБАЙ

БАЛАЛАР КИНОСЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ БАР МА?

Соңғы жылдары балалар мен жасөспірімдер әдебиетінің әдебиет пен өнердің өзге бағыттарынан артта қалып кеткені байқалады. Балаларға арналған контент жасау – кәсіпкерлік мақсатта қаржылық жағынан пайда беретін сала емес, бұл бүтін бір ұлттың, алдыңғы буынның ел ертеңі – қазіргі кішкентайлардың санасына, өмірге көзқарасына әсер етудегі маңызды қадамы. Бұл жағынан технология дамыған, «қалтасы қалыңдар» кино түсіріп, кітап шығара беретін кезеңде балалар киносының кенже қалғанын мойындау керек. Себеп неде? Қарт «Қожадан» басқа балаларға ұсынатын қазақша кино жоқ па? Режиссерлар не дейді?

Қазақфильмнің мәліметіне сүйенсек, қазіргі таңда алпысқа аяқ басып, ақсақал жасына жақындаған «Қожа» жарық көрген 1963 жылдан бастап 1990 жылға дейінгі аралықта А.Қарсақпаев, Қ.Қасымбеков, Ш.Бейсембаев, В.Пұсырманов, Б.Шманов сынды режиссерлер барлығы 18 фильм түсірген екен. Ал Кеңес Одағы бойынша жыл сайын балаларға арналған 70 фильм жарыққа шығып отырғанын ескерсек, «Қазақфильм» үлесіне екі-үш жылға бір ғана фильмнен тиеді. 1994 жылы Қанымбек Қасымбеков «Сағаң күшік керек пе?» деген фильмін көрерменге ұсынды. Осыдан кейін қалғып-мүлгіп жүрген қазақ режиссерлері қалың ұйқының құшағына оранып, тек қана 2009-да, екі аралықта он бес жыл уақыт өткенде ғана оянады десек артық емес. Демек бүтін бір мемлекетте 15-20 жылдай бірде-бір фильм түсірілмеген. Мұның барлығы аты дардай кино саласына, ел ертеңіне елендейтін әр басшыға, балалар болашағымыз деп білетін қоғамға сын.

Тәуелсіздік алғалы әр сала өзінше дамып, өзінше шарықтады. Мемлекеттік тапсырыстан бөлек балаларға арналған фильмдер түсіріліп жатты. Бірақ оны талғам таразысына салатын кім? Мәселен, 2019 жылы ресми БАҚ режиссер Талғат Теменовтің «Біздің қаланың кішкентай ханзадасы» атты фильмі Бангладеше өткен байқауда «Ең үздік балалар фильмі» атанды деп сүйіншілеп, қазақстандықтарға жар салды. Сонда ғана «Осы бізде балаларға арналған фильм бар ма? Бұл фильм қашан түсірілген?» деген сұрақ туындады.

Мәселенің мәнісі неде? Сауалымызға өзіміз жауап іздеп көрсек. Ең алдымен балалар тақырыбына қызығатын режиссер, сценарист жоқтың қасы. «Балаларға арналған» деген атына сай балалардың өзіне ғана арналған, жеткіншектерге жетік тілмен жеткізілетін туындылар да аз. Немесе «бала ғой» деп бәлсіне қарайтын кішкентайлардың өзі ондай киноны көрмейді, тіпті, тың туындылар өзіне сендіре де алмайды. Не тым жасанды, не қазіргі балалардың таным- түсінігіне сай емес. Мәселенің себебін режиссерлардың өзі түрліше түсіндіреді. Режиссер Данияр Саламат бұл туралы: «Менің білуімде, жалпы кино өнерінде тақырыпқа байланысты саясат жоқ. Түрлі фильмдерін ұсынып отырған шетелдік киноэкспансияның астында отырған балаларымызға балалар фильміне деген қажеттілік болмай қалды. Бұған қатысты ұлттық ұстаным болмағандықтан, балаларымыз өзіне керегін шетелдік шығармалардан ала береді, ол үшін толық мүмкіндік бар. Гарри Потер, Темір адам, Өрмекші адам сынды басқа да тамаша анимациялық фильмдер тұрғанда, кішкентайлар басқа кейіпкерді іздемейді де.

Ұлттық, тілдік саясат, ұлттың биік құндылықтарын дәріптеген біртұтас саясат орнықпайынша, балалар фильмінің қағажу көргені – көрген. Содан кейінгі мәселе режиссерлердің өзіне қатысты. Бала тақырыбына кез келген режиссер батылы барып бара бермейді. Өйткені балалар әлемі – өте күрделі әлем, режиссердің режиссеріне ғана бағынады. Басты мәселе, режиссердің балаларға қажет тақырыпты түйсігімен сезіп, таңдай алғанында. Бала әлемін білу деген сөз – тазалықты, адалдықты сүю, шындықпен дос болу, сатқындықты, екіжүзділікті жек көру. Екіншіден, балаларды шексіз сүйетін сезімнің болуы, бала болашағының алдындағы жауапкершілік. Осы екі сезім қаражат аз болса да, жоқ болса да, режиссерді сөзсіз бала әлеміне өзі жетектеп әкеледі», – дейді.

Бірнеше жыл бұрын Тұңғыш Президент қабылдаған «Кино туралы» заң көңілге қуаныш ұялатып, балаларға арналған кинотуындылар да әлеуметтік маңызы жоғары фильмдер қатарына еніп, мемлекет тарапынан 100 пайызға қаржыландырылады делінген болатын. Яғни өзіндік идеяларын жүзеге асырғысы келетін жас режиссерлерге мүмкіндік мол. Мәселенің екінші ұшы балалар әдебиетіне келіп тіреледі. «Балалар әдебиеті мен балалар жылы» бірінен соң бірі қатар келіп, осы бағытта біраз мемлекеттік маңызы бар дүниелер қолға алынса да, «Балапан» арнасы мен жекеленген компаниялардан бөлек мемлекеттік тапсырыспен жасалған шедевр туындымен таныса алмадық. Балалар әдебиетінің деңгейі қандай болса, киноның дамуы да сонымен шамалас. Сондықтан түбірі бір, тағдыры егіз саланың болашағы балалардың болашағына, бақытты балалық шағына берілер тікелей жолдама екенін ұмытпайық.

Дина БӨКЕБАЙ

СЕРИАЛ СӘТТІ ШЫҚҚАН БА?

«Salem social» – киноиндустрияда өз аудиториясын қалыптастырып үлгеріп, қазақстандық көрерменге қазақша, заманауи, бұрын қолға алынбаған жанрларда, тың тақырыптарда контент ұсынып жүрген компания. Сәлемдіктер бүкіләлемдік youtube, қазақстандық aitube желілері арқылы қазақша киноның жаңа дәуірі туғанын дәлелдеп жүр. Әсіресе, бұған дейін көп қозғалмаған әлімжеттік, зорлық-зомбылық, жемқорлық сынды түрлі қылмысқа қатысты тақырыптар тереңінен ашылып, ауыл мен қала арасындағы комедиядан шаршаған көрерменнің драма, детектив, экшн жанрларына сұранысы арта түскен.

Бүгінгі сөз шілде айында тұсауы кесіліп, соңғы сериясына жақындап қалған «Первая отрицательная» веб-сериалы туралы болмақ. Сериалдың алғашқы бөлімдері 1 милионнан аса қаралым жинап үлгерген. Сериал несімен ерекше? Басты кейіпкерлер кино үшін қандай құрбандыққа барды? Сценаристер сериал арқылы не айтқысы келді?

Сәлемдіктер ұсынған драма жанрындағы алғашқы веб-сериал 16 бөлімнен тұрады. Бір қызығы басты рөлді қыздар сомдаса да, жігіттер қауымы да жаңа туындыны ерекше ықыласпен қабылдауда. Айта кетейік, аталған жобада Salem social media ұсынған «5:32» және «Алғашқы махаббат» веб-сериалдарының авторлары жұмыс істеген. «Первая отрицательная» – бұл қазақ қоғамындағы бір-біріне ұқсамайтын екі әйелдің өмірі туралы оқиға. Батыл, еркін, мінезі қатты Ұлжан адамдармен дұрыс тіл табыса алмайтындықтан, жиі жанжалға түсетін болса, Айша – сыртқы бейнесі мен жан дүниесі жағынан оған мүлде қарама-қайшы кейіпкер, үйінде үлгілі келін, жақсы жар, жұмысында мейірімді дәрігер. Ол жұмысында да, отбасында да ешқашан өз пікірін қорғай алмайды, ешкімге қарсы шықпайды. Сериалда басты рөлде Индира Сабирова мен Зарина Кәрмен ойнайды.

– Әйелдердің түрлі оқиғалары жайлы ойлап отырған кезде осы сериалдың идеясы туындады. Егер бір-біріне ұқсамайтын екі түрлі әйелдің өмірі толықтай ауысып кетсе, қалай болады, олар қалай өзгереді? Идея авторы Сергей Литовченкоға осындай ой келді. Біз идеяны өзгерттік, сценарий авторларын тартып, нәтижесінде драма, комедия және экшн элементтері бар веб-сериалға қол жеткіздік, – дейді режиссер Әлішер Утев.

Енді миллиондаған көрерменнің санасын сілкіп өткен сюжетке қысқаша тоқталып өтсек. Қатал, еркін полицей Ұлжан мен ұян, дәстүрлі өмір салтын ұстанған келіншек Айша бір күнде бір ауруханаға ауыр жарақатпен операцияға түседі. Жол апатына ұшырап, қиын жағдайға түскен қос қызды дәрігерлер жүрек-өкпе аппаратына қосып, олардың өмірін сақтап қалу үшін 1-топқа жататын екеуінің қанын бір-біріне құяды. Ұйқыдан оянғаннан кейін қалыпты өміріне оралған Ұлжан мен Айша бірте-бірте әдеттері мен мінездерінің өзгергенін байқай бастайды. Уақыт өте екеуі шындықты қабылдап, өзгерген мінезінің әсерінен адамдармен қарым-қатынаста, жұмыста қиындықтарға тап болады. Себебі екеуінің мінез-құлқына дейін өзгеріп, өзін дөрекілеу ұстайтын Ұлжан сентименталистке, ал тым ұяң Айша өзіне не керегін білетін, мақсатына жету жолында күресе алатын батыл әйелге айналады.

Жұмысында және отбасында қысымға үйреніп қалған дәрігердің рөлін сомдаған актриса Индира Сабирова адамға қандай жағдайда да өз қалауы мен арманын біліп, шынайы өзін жоғалтпаудың қаншалықты маңызды екенін және біздің қоғамда басқалардың құқығын таптап, қорлаудың соңы неге әкелетіні жайында өз пікірін білдірді. «Сериалдағы менің кейіпкерім Айша – емделушілерінің тағдырын ойлайтын, кәсіби білікті дәрігер. Ол әдепті адам, алайда өкінішке орай, әріптестері мен енесінің алдында өз мүддесін қорғай алмайды. Басқалар оған сүйенуге дағдыланған және оны көбінесе өз мақсаттары үшін пайдаланады. Бұл – қыздарды туғаннан бастап біреуге қарызсың, бәріне жақсы көрінуің керек деп үйрететін өте кең таралған біздегі тәрбие үлгісі. Әрқашан жақсы қыз, келін, әріптес болу керек, қыз баласы ең алдымен өзгені ойлауға міндетті. Айша отадан кейін күрт өзгереді. Жасырын әрі шынайы болмысы шығады десек те болады. Ол өз құқығын қорғай бастайды, тіпті, кейде шектен шығады. Менің кейіпкерім маған басқа адамдарға көмектесу үшін, өзгелердің пікірі үшін өзімізді ұмытпауымыз керектігін үйретті. Ең бастысы – тепе-теңдікті табу»,- дейді актриса.

Екінші басты рөлді сомдаған актриса Зарина Кәрменнің кейіпкері – Айшаға мүлде қарама-қарсы болмысқа ие полиция қызметкері.

– Ұлжан әрқашан тек өзіне ғана сенуге дағдыланған, бұл оның отбасылық жағдайына тікелей байланысты. Ол анасынан ерте айырылған, тіпті, туыстарымен де жұмсақ болуды, өзін әйел ретінде сезінуді білмейді. Оқиға бұрмалана бастағанда Ұлжанның бойынан көп уақыт бойы адамдардан жасырып келген кейіпкерінің сол нәзік тұсы шығады. Көрермендер менің жаңа экрандағы рөлімді қалай қабылдайды деп қатты алаңдағаным рас, өйткені осыған дейін мен сабырлы, қарапайым кейіпкерлерді сомдадым. Жалпы өзім де өмірде сабырлы әрі жұмсақ мінездімін. Бірақ осы рөл маған баға жетпес тәжірибе бола білді, себебі Ұлжанды ойнау үшін мен сыртқы және ішкі жағынан толығымен өзгердім. Демалыста жатқан ана едім. Білесіздер ғой, шашым ұзын болатын. Сондай ұзын, қалың болғанына қарамастан, рөл сенімді шығуы үшін режиссер белгілеген ұзындықтан да қысқа қылып қайта қидым. Әйтпесе, өзімді Ұлжан емес, сол баяғы Зарина сезінетін едім, – деп еске алады актриса.

Қос актрисаның айтуынша, сериалдың кастингі қыста өткізіліп, бірнеше айға созылған. Ал Индира кино үшін шашын қимаса да, арнайы сахналарда темекі шеккен. Сонымен бірге бағауыз сөзді жиі қолдану да сериалдың шарты екенін атап өтті. «Шынымды айтсам, басты рөлге ілінгенімде қатты қуандым. Кастинг ұзақ болған соң бұл жоба жайлы ұмытып кеткен едім. Зарина сериалдағы образы үшін шашын қиса, мен темекі шектім. Сондай сахна болуы керек еді. Кейіпкерім темекіні бірінші рет шегетін сахнада өзім де бірінші рет байқап көрдім. Режиссер солай жасағанда шынайы шығатынын айтқан соң, келістім. Сонымен бірге боғауыз сөз айтатын, арақ ішетін жерлерім бар. Бірақ ащы судың орнына су тұрады. Әрі мұның барлығы образға қажетті құралдар ғана. Оны жеке өміріме қатыстырып қараудың қажеті жоқ», – дейді ол.

Айта кету керек, басты рөлден бөлек негізгі актерлық құрамда Бекзат Достанов, Диас Мырзахмет, Мақсат Рахмет, Нұрсұлтан Мұхамеджанов, Ерлан Біләлов, Гулия Ұзақбаева, Азиз Бейшеналиев есімді әртістер бар. Туындының қоюшы режиссері Модияр Абдуқадыров, ал қоюшы-операторы Диас Әбдірахман.

Веб-сериалда басты кейіпкер – қос қыздың тағдырымен қатар қыздарды қорлау, әйелге физикалық, психологиялық қысым көрсету тақырыбы көтеріледі. Мұны полиция бөлімшесіндегі түйіні қиын жұмыстардан байқаймыз. Әрі бір ғана құқық қорғау саласы арқылы әділдіктің жоқтығы ашық қозғалса, Ұлжан мен Айша арқылы отбасылық қарым-қатынас драмасына қанық боламыз. Сериал көтерген тақырыптардың бәрі де біздің айналамызда, әлемнің барлық бұрышында өзекті мәселелерге арналған. Қазіргі таңда 13 серияны ұсынған сәлемдіктер жаңа туындылардың тұсауын кесуге дайындалуда. Бұл өнерді, оның ішінде киноматографияны дамытуға, жастардың ішіндегісімен, ойымен ашық бөлісуіне берілген бір мүмкіндік секілді. Үлкен өзгерістер кішкентай қадамнан басталатын болса, соның жаршысы біздің жас сценаристер мен режиссерлар болмақ.

Дина БӨКЕБАЙ

ПСИХОЛОГ БІЗГЕ ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСЕДІ?

Адам жаны – таңғажайып ғылым. Бірде қуанышты, бірде мұңды эмоциямен құбылып тұратын жанның күйін түсіну оңай емес. Содан болар күйзеліске бейім адамның қатары көп. Өз жаныңды түсінбегенде маманға жүгінген жөн, бірақ біздің ішкі гармониямызды психолог қалай қалпына келтіреді? Қызықты сауалға түрлі бағытта қарап, жан-жақты тарқатуға тырыстық.

Көпшіліктің ойынан шығатыны психолог – жақсы тыңдаушы. Қазіргі қоғам сырласатын жақынның аздығымен, ой бөлісетін әлеуметтік ортаның тарлығымен адамды күйзеліске түсіреді. Тура киноға бергісіз «Жан» мультфильміндегі Джейми Фокстың өз өмірін бағамдай алмай, жанын түсінбегені тәрізді. Пит Доктер, Майл Джонс, Кемп Пауэрс жазған бұл туынды адам өз жанындағы «ұшқынын» жоғалтқан сәтте армандарын ұмытып, бірсарынды күйде өмір сүре бастайтынын көрсетеді. Сол тұста сырттан көмек қажет. Мейлі ол жақының, туысың, психолог болса тіпті жақсы. Бірақ жақын адам қанша уақыт тілеулес болса да, сені соңына дейін тыңдай алады деп кепілдік беру қиын. Ал маман әр сөзге көңіл қойып, тыңдауымен ерекше.

«Отбасы хрестоматиясы» сериясымен шыққан бір басылымда немістің атақты жазушысы Михаил Энденің «Момо» атты шығармасы мысалға келтіріледі. «Момо – бар-жоғы он жасар жетім қыз. Керек десең үйі де жоқ. Оқу оқымаған. Бірақ Құдай оған бір ғана өнер берген. Ол – тыңдау өнері. Момо алдына келіп мұңын шаққан жұрттың мұқтажын құлақпен емес, көңілмен тыңдайды. Тыңдап болғасын бірауыз тіл қатпайды. Бірақ оның алдына зарын төккен ғаріптер құлантаза айығып шығады. Соның арқасында қаладағы тұрғындардың адами қарым-қатынасы сақталып тұрады. Момоның бар қаруы адамды көңілмен тыңдау өнері еді» деп аяқталатын шығарма әр адамның тыңдаушысы қажет ететінін тағы бір мәрте дәлелдей түседі.

Бірақ психолог бәрін тыңдап отырып, оқиғалардан сюжет құрастырады деп ойлау – қателік. Психолог Жазира Темірбаеваның айтуынша, маман сеанс кезінде фильм көрген сияқты жұмыс жасамайды және оған әсерленбейді де. Оған келушінің мәселесі қызықты емес. Бұл жердегі психологтың қызметі – жан мен адамның байланысы қалай үзілді, не себепті үзілді және оны қалай жалғау керегін анықтау. Бір қарағанда адам ішкі сырын айтқысы келмейді, бірақ келесі сәтте бәрін айтып қалғысы келеді. Мұның өзі – парадокс.

Психотерапевт Сая Бақимованың да пікірі осындай.

– Клиенттер психологқа неше түрлі қалаумен келуі мүмкін. Бірақ психолог бәрібір нейтрал позициясында қалуы керек. Мысалы, сізге біреу “күйеуге шыққым келеді” деп келсін. Психологтың жұмысы – оның қандай ішкі конфликттері бар, айтқан әңгімесі мен өмірінде қандай қарама-қайшылық бар, өмірдегі мәселелерге қаншалықты төтеп бере алады, өзінің өткені мен бүгінін, болашағын сабақтастыра ала ма, тағы басқа нәрселерге мән беру, бірге отырып адамды тану. Ал клиенттің “күйеуге шықсам” деген қалауына “мә, осыны күйеуге шығарып жіберсем ғой” деп қосылып кеттік пе?! Біттік. Онда біз психолог болудан қаламыз. Дәл сол “күйеуге шықсам” деп келген адам 2-3 кездесуден кейін (2-3 ай тіпті) асығыс тұрмыс құрып кетсе, бұл да жұмыстың сәтсіз өткенін көрсетеді. Терапияның барысында клиент жасаған кез-келген асығыс шешім терапияға жағымсыз реакция болуы мүмкін. Тез өзгеріс, ойланбай бәрін апыр-топыр шешіп тастау, кеше ғана былай едім, ал бүгін осындаймын деген нәрсенің бәрін шикі көремін. Сондықтан бір сессиядан кейін өмірінді өзгертіп жіберемін дейтін адамдардан қашып жүріңіз. Хирург неғұрлым күрделі операция жасаса, соғұрлым наукастың есін жинап, ағзасын оңалтуға жұмсайтын уақыты көбірек болады. Ал адам жаны тәннен де күрделі, – дейді ол.

Мамандардың пікірінше, жан – өте терең, астарлы ұғым. Содан болар ғалымдар мен психологтар «өмір бойы ізденсек те бір адамның жанын толық түсіне алмаймыз» деп сипаттаған. Алайда өзгелерден ерекшеленетін психологтың тағы бір қызметі бар. Ол – қолдау. Айтқан сырыңды өзгемен бөліспейтін, қателігің үшін кінәламайтын, өткенің үшін өкініш білдірмейтін маманның жанында кез келген адам өзін сенімді сезінеді. Сол күймен «жақсы тыңдаушының» өзін қолдайтынын анық түсінеді де, ішкі сырын ақтара бастайды. Өз өмірін баяндап отырған сәтте психолог түйткілді тұстарды түсініп, жан мен адамның байланысы қалай үзілгенін бағамдайды. Соңында олар ортақ нәтижеге қол жеткізеді. Түйінді жеткізе алса – келушінің, түйінді шеше алса – психологтың еңбегі. Айтуға оңай болғанмен, жанның сырын түсінетін маман болудың қиындығы осы болса керек.

Гүлдана ЖҰМАДИН

ЛАЙКОМЕТР: ТАҢДАУ СЫРЫ

Алып пілдің кез келген затты ұнатып не ұнатпағанын ол затқа жақындап я алыс кеткен ишарасынан аңдайды. Ең жабайы аңның өзі үнемі таңдау жасауға мәжбүр: оңға немесе солға, алға жүру немесе тоқтау, азықты жеу, әлде жемеу. Ми жұмысы кемтер, эмоциялы жануарлар мұндай шешімді еш қиындықсыз, автоматты түрде қабылдауды. Себебі, олардың басында үнемі «лайкометр» қосулы.

Мәселен, маймыл алғаш рет бейтаныс жемісті татты делік. Жемістің дәмі ұнаса, маймылдың миындағы лайкометр ол жеміске «ұнату» белгісін таңады. Осылайша, «ұнаған» санатқа енген азықты еш кедергісіз ары қарай жеуге кіріседі. Егер жемістің дәмі қышқыл болса, лайкометр жемісті «жағымсыз» санатқа жатқызып, маймыл ендігі әрі жоламайды. Яғни, барлық шешімді жай ғана «ұнату», «жағымсыз» санат қабылдайды деген сөз.

Адамзатта да лайкометр бар. Ол аз десеңіз, бұл өлшем үздіксіз жұмыс істейді. Оның әсері аз байқалса да зерттеулердің нәтижесінде «ұнату», «жағымсыз» санаты өмірдің бар бағытына ықпал ететіні әлдеқашан дәлелденген. Айталық, сіз ғылыми экспериментке қатыстыңыз. Компьютерде жазылған сөздерге үңілесіз. Сіздің міндетіңіз – экрандағы сөз жағымды әсер берсе, сол жақтағы батырманы басу, егер жағымсыз мағына білдірсе, оң жақ батырманы басу. Бір қарағанда қарапайым көрінгенімен, кей сөзде кідіреріңіз анық. Мысалы, «қорқыныш» сөзі кезіккенде лайкометр мұны «жағымсыз» санатқа жатқызып, ішіңізде бір сәт белгісіз сезім жылт береді. Одан кейін экранда пайда болған «зерігу» сөзін де автоматты түрде «жағымсыз» қатарға кіргізеріңіз аян. Мұның сыры – алдыңғы әсер үнемі келесі шешімге итермелейді.

Ғылымда мұндай сынақты «аффективті баптау» деп атайды. Өткен ғасырдың екінші жартысында пайда болған эксперимент психологиядағы жаңа өлшемнің пайда болуына әкелді. Ғалымдар үшін де олжалы еңбекке айналды. Түрлі болжам жасалып, адамдардың сана-сезіміне өзгеше баға беруге мүмкіндік алды.

Сынақты адамның таңдау еркі мен ойлау қабылетіне қарай түрлендіру де жолға қойылғанын атап өткен жөн. Мысалы, зерттеушілер кезекті экспериментте сөздердің орнына ақ немесе қара нәсілді адамдардың әлпетін көрсеткен. Қызығы сол, жасы мен әлеуметтік жағдайына қарамастан көптеген американдық қара нәсілді түр-әлпетті көргенде «жағымсыз» батырманы басқан. Афроамериканд ық мәдениеттен хабар беретін сөз бен суретке де дәл сондай реакция қалдырған екен. Мұндай таңдау әлеуметтік психология мен саяси қадам-дардың қайта қарауға итермелеп, жаңа идеологиялық бағыт қалыптастыруға жетеледі.

Лайкометрге қатысты ең маңызды оқиға Бретт Пелэмнің зерттеуі кезінде орын алды. Ол лайкометр адам есімі мен өміріне байланысты құбылатынын анықтаған. Адам өзінің есімі мен өміріне қатысты ұқсас сөзді көріп немесе естісе, оның бойында көңілді ұшқын пайда болатын көрінді. Дәл сол сезім аталған сөзді «ұнаған» санатқа жатқызуға септеспек. Мәселен, Пелэм жүргізген экспериментке қатысқан адамның есімі Деннис делік. Ана тілі – ағылшын тілі. Арманы – заңгер, дәрігер, стоматолог болу. Ол алдынан кезіккен «стоматолог», «дентист» сөзін автоматты түрде «ұнаған» санатқа енгізеді. Өйткені, аталған сөздер оның есімі мен өміріне қатысы бар. Бұл сандырақ емес. Мұндай таңдау түрін күнделікті өмірден де байқауға болады. Статистика бойынша ағылшын тілді елдерде Деннис есімді адамдардың тіс дәрігері болу жағдайы жиі кездеседі.

Мұндай жай Лоренс есімді ер адам мен Лори есімді әйелдерде де жиі ұшырасады. Жыл сайын Луи, Луис және Луиза есімді мыңдаған адам Луизиана мен Сент-Луиске заңгер болу мақсатымен көшіп келеді. Ал Джорджа және Джорджина есімді азаматтар Джорджинаға көп қоныс аударады. Өз есіміне деген ықылас неке статистикасынан да көрініс тапқан.

Американдықтар өз есімімен мәндес немесе айтылу тұрғысынан ұқсас адамдармен отау құруға бейім.

Ғалым Пелэм зерттеу мен экспериментінің нәтижесін оқу орнындағы әріптестеріне айтқанда олар да таң болды. Себебі ғалым танитын көптеген ерлі-зайыпты жұп аталған принцип бойынша шаңырақ көтерген екен: Джерри мен Джуди, Брайан мен Бетани, тіпті мен де – Джон және Джейн.

Пелэмнің еңбектерінен бір ұнамсыз тұспал байқалады. Бәріміздің өмірдегі маңызды үш шешіміміз – кім болу, қайда қоныстану, жар таңдау бұрын байқамаған ұсақ психологиялық құбылыс көмегімен қабылданатын болып шықты. Мұндай әсердің көрінісі жиі байқала қоймаса да оны жоққа шығара алмаймыз. Расында, өмір біз берген бағаға тәуелді. Тек кей бағана тез әрі ойланбай беретініміз өкінішті-ақ.

Джонатан ХАЙДТ, әлеуметтік психолог
Аударған: Ерсін ШАМШАДИН

ҚАЛЫҢ ҚАЛАЙ, ҚАЗАЛЫ?

Облыстың даму деңгейі әр аудан мен ауыл халқының өмір сапасымен өлшенеді. Жолы түзу, кәсібі кеңейген, өндірісі өркендеген аз ауданның бірі – қасиетті Қазалы жері. Жақында өңірлік коммуникациялар қызметі ұйымдастырған баспасөз туры арқылы аудан халқының жай-күйіне қанығып, әр саладағы жаңалықтарымен танысып қайтқан едік.

Алғашқы аялдамамыз Әйтеке би кентінде салынып жатқан мектепке бағытталып, жаңа нысанның құрылысымен таныстық. 250 орындық жаңа мектеп облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының тапсырысымен салынуда. Бір жыл бұрын қыркүйек айында іргетасы қаланған нысанда мектеп гимараты, жылу қазандығы, баскетбол мен гимнастика алаңы, автотұрақ сынды қажеттіліктер қарастырылған. «Мектептің қаржысы «Жұмыспен қамту бағдарламасы» арқылы республикалық бюджеттен бөлінді. Соған сәйкес мердігер мекеме жергілікті жұмыспен қамту орталығы арқылы 120 аудан тұрғынын жұмыспен қамтамасыз етіп отыр. 2 қабатты мектептің құрылысы биыл аяқталып, қараша айында тапсыру жоспарланған. 1 гектар аумақты алып жатқан мектеп аудан орталығындағы балаларға жақын жерден білім алуға мүмкіндік сыйламақ, – деді аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің бас маманы Қуандық Іскендір.

Бас маманның сөзіне сүйенсек, қазіргі таңда аудан бойынша қарастырылған 2,1 млрд теңге көлемінде 17 нысанның құрылысы жүргізілуде. Оның ішінде 7 нысан халыққа пайдалануға берілсе, қалғанының құрылысы биыл басталған. Ал 3 елді мекенді газдандыру, 250 орындық мектеп, Көукей ауылында 100 орындық клуб, Қазалы қаласында 140 орындық балабақша құрылысы әлі жалғасып жатыр.

Айта кету керек, облыс бойынша жүргізуші куәлігін алу мүмкіндігі тек Қызылорда қаласында ғана қарастырылған. Алайда жақында мұндай мүмкіндікке қазалылықтар да ие болмақ. Бұған дейін жүргізуші куәлігін алуда тұрғындар біраз әуреге түсетін болса, бүгінгі күні сынақтың алғашқы кезеңі – теориялық тестті облыс орталығындағы бөлім гимаратында тапсырып, практикалық тапсырмаларды аудандағы автоматтандырылған электронды автодромға барып орындауда. Бір ғана бөлім барлық облыс тұрғындарына аздық ететіндіктен әрі Қызылординадан алыс аудандағылар үшін тиімсіз болғандықтан Қазалыда автодром салу жоспарланған. Бүгінде аталған жобаның ЖСҚ-ы мақұлданып, құрылыс жұмыстары басталып кеткен.

Жалпы құны 119 млн теңгені құрайтын аталмыш жобаға өткен жылы облыстық бюджеттен 5 млн теңге бөлінсе, «Болашақ» серіктестігі тарапынан нысан орналасатын аумақты тегістеу, құм төсеу жұмыстары атқарылған. Өтпелі кезеңге ауысқан жобаны жалғастыру үшін облыстық бюджетке өтінім беріліп, қаржыландыру күтілуде. Өзге аудандарда жоқ жаңа жоба толық іске қосылғанда қазалылықтар ғана емес, жақын маңдағы Арал ауданы мен Байқоңыр қаласының азаматтары жүргізуші куәлігін алу үшін облыс орталығына келмей-ақ, Әйтеке би кентінде емтихан тапсырып, құжаттарына қол жеткізетін болады.

Атқарылып жатқан игі істердің қатарында Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласы арасындағы жолдың реконструкциясы да бар. Құны 2,4 млрд теңгені құраған 4 жолақты жол құрылысы биыл аяқталмақ. Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының тапсырысымен салынатын жолды «Стандарт ОЙЛ КЗО» серіктестігі салуда. Бұл жобаның аясында 7 шақырымды құрайтын автомобиль жолы 4 жолаққа кеңейтіліп, 2 темірбетон көпірі мен 2 су өткізгіш құбыры жаңартылады. Сонымен қатар түнгі жарық шамдары мен аялдамалар да орнатылмақ. Әр жолағы 3,5 метрді құрайтын жолда автобус аялдамасының алаңы да болады.

Қазалыда ауыл шаруашылығымен айналысып, маңдай тердің мерейін, жер ананың жиып бергенін шашпай-төкпей бала-шағасына да, базардан жергілікті өнімді ізденген басқасына да жеткізіп отырған тұрғындарды қолдау да назардан тыс қалмаған. Өткен жылы қуаңшылық бұл саладағы біраз кемшілікті анық көрсетті. Аталған кемшіліктерді жою мақсатында ауданда жайылымдық жерлерді суару үшін су ұңғымалары қажетті елді мекендер тізімі нақтыланған. Бұл тізімде соңғы 40 жылда бірде-бір бұлақ немесе құдық қазылмаған ауылдар бар. Мәселен, Қарашеңгел, Шәкен мен Арықбалық ауылдарында 3 ұңғыма қазу үшін республикалық бюджеттен 61,8 млн теңге бөлінген. Қазіргі кезде Қарашеңгелде «Прайд ЛТД» серіктестігі мердігер ретінде анықталып, ұңғыма қазу жұмысын бастап кеткен. Ал Арықбалық пен Шәкенде«Энергия НҰР» ЖШС мердігер ретінде бекітілді. Қалған қос ауылда ұңғыма қазу жұмыстары тамыз-қыркүйек айларында басталады деп жоспарлануда.

Қазалы ауданында шағын және орта кәсіпкерлік бойынша 5299 нысан тіркелген. Биыл 11 кәсіпкер өз жұмысын бастаса, 125 жобаға мемлекет тарапынан 1,5 млрд теңге қаржылай қолдау берілген. «Қазалы ауданының тұрғындары кәсіпкерлікке бейім болғандықтан «Екінші Түркістан» деп аталып кеткен. Соңғы жылдары ауыл шаруашылығынан бөлек өнім өндіру саласы да өз деңгейінде дамып келеді», – дейді аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің жетекші маманы Арыстанбек Сермағанбетұлы. Мемлекет қолдауымен 6 проценттік несие алып, өндірісін өркендетіп отырған ТалғатЕмбергенов кәсібі үшін арнайы ғимарат тұрғызып, ағаш өнімдерін шығаруда. 5 адам жұмыс істейтін нысанда ағаш баспалдақтар, жиһаз өнімдеріне тапсырыс қабылданады. Кәсіпкер өз өніміне тапсырысты онлайн қабылдап, жүйелі жұмыс істеп келеді. Қазіргі таңда оның цехынан шыққан ағаш бұйымдарға Арал ауданы мен Қызылорда қаласы арасындағы тұрғындарынан түсетін тапсырыс көп. Кәсібін кеңейту үшін «Қазалы ағаш бұйымдары» жеке кәсіп иесі мемлекеттік грантқа өтінім берген. Бұл жобасы қолдау тапса мұнда ерекше білімді қажет ететін балаларға арналған ойыншықтар жасалмақ.

Дина БӨКЕБАЙ

БІЛІМ – БАСТЫ ҚАРУ

Бүгінгі жас – ұлттың болашағын қалыптастырушы буын. Сондықтан олардың білім алып, бәсекеге қабілетті болуы қоғамның басты тақырыбы болуы тиіс. Бір қуантарлығы, қазір билік пен жастар арасында берік байланыс бар. Халықаралық жастар күніне орай қала әкімі Асылбек Шаменовтың жастармен кездесуі сөзімізге айқын дәлел бола алады.

Қалалық «Qosyl» жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «BIZDIN UAQYT» тақырыбында өткен кездесуде жастар қала әкіміне өздерін алаңдатқан мәселелер мен ұсынысын жеткізді. Шара барысында шаһар басшысы жастар орталығының жұмыс барысымен танысып, атқарылып жатқан жобаларға назар аударды. «Qosyl» жастар ресурстық орталығының директоры Әліби Басаров алдағы уақытта қолға алынатын бірқатар іс-шараны тілге тиек етті.

Қазір жастар орталығында барлық мүмкіндік қарастырылған. Түрлі форматтағы үйірме жұмысынан бөлек, жастардың бос уақытын пайдалы өткізу мақсатында үстел теннисі, кітап бұрышы да ұйымдастырылған. Әрі мұнда семинар-тренингтер жиі өткізіліп тұрады.«Qosyl-Kenes», «Qosyl-Acustic», «Жұмыс бар» жобалары да жастардың игілігі үшін қызмет көрсетуде.

Қала әкімі кездесу барысында білім жастардың басты қаруы екенін айтып, жақсы жолды табуға бейімделу керегін жеткізді.

– Жастар – біздің болашағымыз. Ел ертеңі білімді де талантты жастармен көркейе бермек. Бұл тұрғыда мемлекет жастарға қолдау көрсетіп келеді. Халқымызда «Асыл тастар шығады, ақыл жастан шығады» деп бекер айтылмаған. Сіздердің әрбіріңізде үлкен, қуатты болуы бек мүмкін. Ал сол өзекті ойлар қоғамдық ұйымдармен

келелі кездесулерде іске асады. Шығармашыл жастарды қолдау мақсатында қала әкімінің «Самғау» жастар сыйлығы табысталып келеді. Кәсіпкерлікпен айналысып, қайтарымсыз грантқа қол жеткізіп отырған жастардың бары да бізді қуантады. Жастарға бағытталған бағдарламалар жалғасын таба береді, – деді А.Шаменов.

Айта кетейік,биыл қала әкімінің «Самғау» сыйлығы ерекше форматта өтеді. Сондай-ақ алдағы уақытта Тасбөгет кентінде «Аула клуб» атты жастар ұйымы ашылып, белсенді буынның басын қоспақ. Кездесуде жастардың ұтымды пікірін тыңдаған қала әкімі мемлекет қолдауы аясында ұсыныстардың іске асатынын баса айтты. Шара соңында бірқатар белсенді жасқа қала әкімінің алғыс хаты табысталды.

Гулдана НҰРТАЙҚЫЗЫ

ҰЗДІКТЕРГЕ МАРАПАТ

Халықаралық жастар күні мерекесіне орай Қазалыда Шығыс жастарының жалынды жетекшісі «Ғани Мұратбаев» атындағы республикалық жастар сыйлығын табыстау салтанаты өтті. Әйтеке би кентіндегі орталық алаңда өткен шарада аудан әкімі Мұхтар Оразбаев құттықтау сөз сөйледі.

– Биыл «Заманның тұтқасы да, иесі де жастар!» деп ұрандаған Орта Азия және бүкіл Шығыс жастарының жалынды жетекшісі, жерлесіміз Ғани Мұратбаевтың туғанына 120 жыл толып отыр.

Артына өшпестей із қалдырған Ғани Мұратбаевтың ісі мен өнегесін өскелең ұрпаққа дәріптеу мақсатында республикалық «Ғани Мұратбаев» атындағы жастар сыйлығын табыстауды жыл сайын дәстүрге айналдырудамыз.

Тек әлемді жайлаған пандемияға байланысты соңғы 2 жылда оны өткізуге мүмкіндік болмады. Жастар елдің заманауи бет-бейнесін қалыптастырып, жаңа идеяларды ұсынуға және Қазақстанды жаңартудың негізгі қозғаушы күші болуға тиіс. Осы мақсатта республикамыздағы әр сала бойынша осы сыйлыққа лайықты деп танылған үздіктер мен белсенді жастар келіп отыр, – деді аудан басшысы.

Мұнан соң Мұхтар Әуесұлы мен облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Руслан Қаюпов жүзден жүйрік шыққан жеңімпаздарға «Ғани Мұратбаев» атындағы республикалық жастар сыйлығының дипломын, төсбелгісін және естелік сыйлықтар табыстады.

Биыл жеңімпаздар қатарында қазалылықтармен қатар Нұр-Сұлтан, Алматы, Қызылорда қаласы және Арал, Қармақшы, Сырдария, Жалағаш аудандарының дарынды жастары бар.

Салтанатты шара өнерпаздардың концерттік бағдарламасына ұласып, әннен шашу шашылды. Сахна төріне көтерілген белгілі эстрада жұлдызы Өміркүл Айниязов, Елордадағы мемлекеттік академиялық филармониясының жеке солисі Алтынбек Әбілда және тағы басқа талантты әншілер көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Шарадан соң жүлдегерлер еркін форматта бас қосып, өзара пікір алмасты. Аудандық оқушылар үйінің ауласында өткен шараға аудан әкімі Мұхтар Оразбаев, облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Руслан Қаюпов, аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тілеумбетов, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Қайрат Әбубәкірұлы, облыстық "Жастар ресурстық орталығының" басшысы Мақсат Дауылбай қатысты.

Айта кетейік, биыл төртінші рет ұйымдастырылған байқауға 40-тан астам үміткер қатысып, солардың ішінде 17 жүйрік оза шапты.Марапатқа ие болған жастарға 120 мың теңгенің сертификаты тапсырылды.

ЖАС ЖҮРЕК

ҚАДІР ТҮНГІ ҚҰПИЯМ

Есімде қалғаны бір неше жайттан,
Ешкімді сендіре алмай есе қайтқан.
Құптанға құлағалы тұрған уақыт,
Құлаққа құйып ал деп шешем айтқан:

Балам,
Менің емес, ел-жұрттың бұл дерегі:
Сәлден кейін киелі түн келеді,
Қалауынды сұрасаң шын береді.
Қадір түні көз ілмей күткен адам,
Көреді дейді әйтеуір "бірдеңені".

Бірдеңені деді анам көңілдене,
Сұрамадым кім Қадір, не "бірдеңе"?,
Қадір деген ақсақал шығар мүмкін,
Аңыздарда жүретін небір көне.

Нұрланатын Алла деп анам талай,
Мұңданатын Алла деп анам талай.
Менің бала көңілім сонда ұққаны,
Құдай деген не сараң, не мәрт ағай.

Бала көңіл білмеді не көрерін,
Бала көңіл біледі не керегін.
"Бірдеңені" көрмей-ақ сездім іштей,
"Бірдеңеден" көсегем көгерерін.

Күткен түнім келді ақыр. Үй қараңғы.
Анам айтқан әлгі сөз мида қалды.
Тереземнен төгіліп әппақ сәуле,
Бөлмем бір сәт ерекше күйге оранды.

Әппақ нұрға айналды қара түнек,
Періштенің құшқандай қанаты кеп.
Күбірлеймін ішімнен қолым жайып,
Ерінімде елжіреп бала тілек.

Сол әппақ нұр сәл тұрып, өшті ақырын,
Өшті ақырын, дегендей қош батырым.
Қараңғыда мен қалдым, пердені де
Сырғытуға жетпеген еш батылым.

Сүйіншілеп айтқанмен ертеңіне,
Ертеңіне сенбеді ел "ертегіге".
Солай күйттай құпия болып қалды,
Сенбегені жанымды өртеді де.

Сол құпиям кеудемде сақталды көп,
Қынжыламын мөп-мөлдір шақ қалды деп.
Қуанамын және де қабыл болып,
Әппақ нұрдың алдында айтқан тілек.

Көрінбеді қайталап сол "бірдеңе",
Қадір түні бөлмеме қонғыр неме!
Ақ сәулені жоғалтып алғаныммен,
Ақ ниетті адамдар толды іргеме.

Сый күтіп ең дегендей енді қандай,
Қамықтырды қанша түн "белгі" болмай.
Бүгін, сезем, бір бала көреді оны,
Сосын елді жүреді сендіре алмай.

ДИССОЦИАЦИЯ

Өмір түбі жалғасатын сыңайлы,
Уақыт қана алмасатын сыңайлы.
Бір балақай иемденіп бүгінді,
Сәби орнын шал басатын сыңайлы.

Басқа мүлдем сипат алып бас-қайғым,
Жаңаша өмір - қараша өмір бастаймын.
Күндерімді, жылдарымды аяулы,
Бәрін, бәрін балақайға тастаймын.

Сонсоң ол да ертең менше сүйеді,
Жан-жүрегі өртенгенше сүйеді.
Күйеді.
Енді өтпестей тарпаң басын жастықтың
Уақыттың құрығына иеді.

Ажал деген жасанды ойға алданып,
Адам біткен қабір қазар, қамданып,
Өлмейді адам. Ұмытады тек бәрін.
Сәби орнын басқан кезде шал қаріп,
Өлім деген тайқып кету бәрі қалып,
Өмір деген қайтып келу таңданып.

Мендік өмір - ендігі өмір миымда,
Мидағыны жоғалту да бұйым ба?
Кешегімді кешпегендей адаммын,
Бір дәуірді ұмыт қылу қиын ба?

Өмір түбі жалғасатын сыңайлы,
Шақтар ғана алмасатын сыңайлы...

ЖОРАМАЛ

Шындық, шындық... не шындық – өлім шындық,
Деген күні біз-дағы өмір сүрдік:
Бір аяулы жан жылар есіне алып,
Жанарынан жас емес, көңіл сырғып...

Не шындық – Құдай шындық – тылсым ғылым,
Бірақ мен өтірікке құл сындымын.
Құрысын күнім жалғанды жалау қылған,
Күтіп тұр-ау мені де бір шындығым.

Құлқынын «құдай» қылған кіл батырақ,
Бүкшеңдеп таң қарсы алып, күн батырад(ы).
Ақиқат айтқандардан, бір білерім –
Ақиқат тапқан адам қымбатырақ.

Кешіре гөр сен мені, өлең сорлы!
Бар өлшеуді ғұмырым.
Сол өлшемді
тауысқанша табамын бір шындықты –
Ең алғашқы шындықты
және ең соңғы...

P.S. Естеліктер айтылар кіл әдемі:
"Ақиқатты айтқан, ей, мына өлеңі",
Таппауым да мүмкін ғой... тапқанымммен,
Айтпауым да мүмкін ғой бірақ оны.

ҚҰС ЖОЛЫ

(экспромт)

Құс бар ма қиялыңнан ұшқан үдеп,
Теңеудің теңеспейтін тұстары көп.
Ешбір құс жете алмайтын биіктікті,
Адамзат таниды екен Құс жолы деп.

Қанатты аңның тәнін қарап, таныр.
Неге онда Құс жолы деп мадақтадық.
Құс біткен білмейді әлі ұшар жолын,
Білсе егер қалмас еді қанат талып.

Адамзат Көк аспанға сыйынады,
Белгісіз қандай жолдың бұйырары,
Жігіттер, біз жеткен шың - аласа екен,
Жігіттер, біздің жолдар биік әлі.

Жігіттер, қыран басқа, құзғын бөлек,
Құзғынды кесір ойы тізгіндемек.
Құс Жолы құс білмейтін биік болса,
Жолымыз ойдан да асқақ біздің демек.

МЕТРОФОБИЯ

Мне страшно с Тобой
встречаться.
Страшнее Тебя не встречать.
Александр Блок

Мен күнделікті
әлдебір тылсымнан үрейленемін.
Үрейдің нәтижесі секілді – сөз, үйқас,
әріп.
Мен - бейне бір сұжүректігін жасырып,
қорқынышына қарсы жүгірген қаріп.

Болмашы сәулемен,
өлмеші үмітпен жортамын,
Іңірге ілігіп, жүгімді артамын түнге.
Мен, бәлкім, жазудан қорқамын,
жаза алмай қалудан қорқамын мүлде.

Өмір де - өлімге ұмтылыс жолы.
Тәнімді неліктен
түндерден таңдарға артамын,
мың жолдың соңы
ажалмен бітерін білсем де,
ұқсам да соны?

Мен көздерден қорқамын,
Қарағым келетін мәңгі.
Мен сөздерден қорқамын,
Қаламым төгетін әлгі.

Мен толқыннан қорқамын,
Батудан теңізге терең.
Мен «қорқудан» қорқамын,
Сондықтан сүйемін, өлең...!

Дәулет ЖАДЫРАСЫН

Жуырда Сыр бойы жас ақындары республикалық жыр додасынан жүлделі оралды. Шымкент қаласында өткен «Күміс қалам-2022» поэтикалық байқауында «Есенғали Раушанов» атындағы жүлдені Дәулет Жадырасын иеленсе, «Тыныш-бек Рахым» атындағы сыйлық Аружан Оралбайға бұйырды. Осыған орай қос ақынның шығарма-шылығын оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік.

Қайғысыз, мұңсыз қаталап
келем,
Өлеңнің ғана толғағы.
Өмірге мен де махаббатпенен
қарасам - деп ем... болмады.

Жарқ етіп өтер жасын ғұмыр-ау,
Жаныма қойдың дау қамап.
Бағытын білмес басымды мынау
Сырдаңнан қайтем сауғалап?

Қасіретімді бөліспе мейлің,
Бөліске жетер шаттығым.
Пейіштен келген періштедей мұң,
Періштедей мұң - тәтті мұң.

Күзден де кеше көктем жасадым,
Қараша кетті қар-мұз ғып.
Жалғыздық аңсап көптен
қашамын,
Көпті аңсатады жалғыздық.

Көксегендерім орындалар ма,
Тайып бір кетсем тобадан?
Жоғалад неге жолым боларда
Жақыным көрген көп адам?

Бақыт па? Баста бөгелмеді о да,
Өлеңнің ғана толғағы.
Өмірді мынау өлерде ғана
сүйіп қалмасам
болғаны...

* * *

Мені жатырқайтындай
мынау ғалам,
Күлуде мән қалмады,
жылауда мән.
Жазылмаған өлеңім,
жаным сенің
Жанарында кетіпті түн
аунаған.

Түн - ең адал
сырласым. Күн құлады.
Ал, саған ше... бәрі
дос, құрбы бәрі.
Бақытымды бұйырған
кері теуіп,
Өз-өзіме өкпелеп
жүрмін әлі.

Дертке дауа болар ма
жалынсыз бақ?
"Тағдыр" деуге
ұялдым, тағы үнсіз қап.
Жамау-жамау жүрегім
жылына алмай,
Жаным сыздап
барады, жаным сыздап.

Жетеді үнім, жетпейді
хатым қалай?
Айтар күнім болар ма,
атынды оңай.
Өң мен түстей өмірден
өтеміз-ау,
Жырақтамай және де
жақындамай.

Кімге ақтарып,
мұңымды кімге шағам?
Сүйретілген мұңлық
ем, сүлдесі - адам.
Жалғыздықтан
қорықпан,
Ішқұсалық...
Өлсем, өліп кетермін бірде содан.

Сәт таба алмай жанымның
ойлауға емін,
Бастан ауып барады жай
дәуренім.
Маңдайыма жазылған өлеңім де
Маңайыма жуымай қойды-ау
менің.

* * *

Сақ-сақ күлген жек көріп сағатты
әр күн,
Ақ қағазға шерімді сан ақтардым.
Ал, сонан соң...
Сонан соң құлағымда -
Жанайқайы жыртылған
парақтардың.

Жапырағын жанымның қырау
басқан.
Түнерді әлем беймезгіл, түн
аумастан,
Көшіп келген бұлттардың көңілі
бос,
Жұбата алмай, қосылып жылауда
аспан.

Көңілімнің аша алмай не түндігін,
Мен отырмын, жанымда жетім
мұңым.
Көзімді ілсем - Қорымдар...
Адасам кеп.
Өліарада қап қойған секілдімін.

Мына тырсыл ұзамай тынады
анық.
Мынау аспан шыққанша күн
ағарып,

Менің жаным секілді
өздігінен
Жұбана алса жақсы ғой
жылап алып.
Жұбана алса жақсы ғой, жұбана
алса,
Жылай берді-ау, бұлттарда кінә
қанша?
Тәңір жазған... аспаннан қара
жерге
Тамшылардың ғұмыры -
құлағанша.

Қанық шығар мендегі сырға түн-ақ,
Бұлттар көшті, көз жасын құрғатып
ап.
Жалғыз қайың басында,
тағдырласым -
Үзіле алмай тұр әлі бір жапырақ.

Жеткенімше сөндірме шырағыңды,
үй.
Мең-зең қылып жіберді мына бір
күй.
Әр түсімде әлдекім бейіт жақтан
Құлпытасын көтеріп шығады ылғи.
Өзім шығармын...

* * *

Ішім - қамау, шаршадым, сырт та -
қамау,
Өлең өшті...
Ал, хаттар...
Жыртпағам-ау.
Түйдек-түйдек қалдырып көңілге
мұң,
Көшіп кетіп барады бұлттар анау.

Күрең күздің күрсініп шығар демі,
Есеңгіреп, еске сап тұр әрнені.
Сол бұлттарға өтініш айтар
болсам,
Сенің барып төбеңе жылар ма еді?

Жылуы жоқ, барады жат боп қала,
Көңілсіз бір орнаған сәт баққа да.
Төбеңе кеп төгілген жүрегімнің
Тамшыларын кетпеші таптап қана.

Ол - мендік жас, түн куә, жан
көрмеген,
Ол - мендік жай, бейшара хәл
мендеген.
Алақанды жай-дағы, аспанға тос,
Жан жараңды жууға жәрдем
берем.

Естеліктің әлі жүр есте дені,
Еш қаламай жалғаннан ештеңені.
Менің соқыр сезімім жылап жатыр,
Сенің керең күйінді кешпегелі,
Ал, жүрегім...
Жүрегім не істер еді?..

* * *

Көңілім саған күрсініп келді,
Көзімнен алшы мұңды ұрлап.
Тастайық сосын тіршіліктерді
Тас құлыппенен шынжырлап.

Өлеңге сөзім симай тұр, қарғам,
Өлсе егер сезім - ақтығым.
Біздерге бақыт қимайтындардан
Кетіп қалайық тап бүгін.

Тыныштық жанға табайық, күнім,
Бар дейді бақыт, сірә шын.
Кешегімізге бар айыптының
Кешіре салып күнәсін,

Кетейік, тастап жүректен жара,
Қимастықты енді жиып ал.
Тәуекел етсек, түнектен ғана
Біздерге бір жол бұйырар.

Қос жұлдыз әне, барады құлап,
Жүзімнен шаттық жүз ұға.
Жарығын әлем жағады, бірақ,
Таппайды бізді... Қызық, ә!

Ештеңе бізді тұсап қалмасын,
Айтпасын ешкім ақыл да.
Бұрмайтын жаққа ұшақтар басын
Кетіп қалайық. Мақұл ма?..

Аружан ОРАЛБАЙ

«Жеңіс сенімді күшейтті»

Данияр Шамшаев. Бұл есім дзюдодан Елордада өткен Азия біріншілігінде жарқ ете қалды. Небәрі 18 жасында елге келген еңселі балуандардың барлығын жеңіп, сары құрлықтың "сары" алтынын еншіліген еді. Есімі беймәлім болған Даниярдың олжа салатындай бұрынсоңды жетістігі де саусақпен санарлықтай болды. Көпшілікке жұмбақ Даниярдың дара жолын оқырманға ұсынғанды құп көрдік.

– Бәлкім, қалың бұқара мені жіті танымайтын шығар. Бірақ спорттың төңірегінде жүргендер осындай балуанның барын білуге тиіс. Негізі мен бұған дейін де біраз белесті бағындырдым. Әуелі жасөспірімдер, одан кейін жастар арасында Азия чемпионы атандым. ТМД ойындарында қола медальды мойныма ілдім. Басқа да бірқатар халықаралық додада жүлде алдым. 2020 жылы алғаш рет ересектер арасына қосылып, Ақтауда өткен Қазақстан чемпионатында топ жардым. Осы жарыстың жартылай финалында Ғұмар Қырғызбаевты қапы қалдырсам, ақтық сында Ғұсман Қырғызбаевты ұттым. 2021 жылы Оралда өткен ел біріншілігінің финалында Жансай Смағұловқа есе жіберіп, күміс медальды иелендім. Десек те құрамаға бірден қабылданған жоқпын. Алғашында оқу-жаттығу жиынына шақырту алып, біраз сүзгіден өттік. Ал аталған жарысқа қатысатыным тек соңғы сәтте ғана белгілі болды.

Данияр үлкен белеске бірден жете қоймаған. Алғашында спорттағы сәтсіздік жас балуанның жолын байлапты.

– Ұлттық құрама сапында Тель-Авив, Тбилиси, Қазан, Анталия және Будапешттегі турнирлерде бақ сынадым. Бұл жарыстың барлығында ұтылдым. Бірақ сағым сынған жоқ. Себебі ересектер дуына енді ғана қосылған балуандардың денесі ондай жағдайды басынан өткерген. Керісінше, әр сәтсіздіктен сабақ алып, тиісті қорытынды шығаруға тырыстым. Әр жарыс аяқталған бетте бапкерлеріммен бірге бейнетаспаны кері айналдырып, қандай қателіктер жібергенімді және кемшін түскен тұстарымды сараладым.

Иә, Шамшаевтың биік шыңы Нұр-Сұлтандағы татами болды. Бір қызығы, барлық белдесуін 1 минутқа жеткізбей жеңгені көпшілікті таңқалдырды. Мұны Данияр ерекше дайындықтың арқасы деп жеткізді.

– Үндістандық Суреш Сингх Нингхоужам (42 секунд), тәжікстандық Бехруз Кожазожда (42 секунд) және өзбекстандық Муратжон Юлдашевты (31 секунд) «зацеппен» ұттым. Ал қырғызстандық Шыңғысхан Сағыналиевті (34 секунд) «скруткаға» салдым. Былтыр Ақтауда өткен Азия кубогында Юлдашевқа вазари әдісімен есе жіберген едім. Бұл жолы да финалда жолымыз түйісті. Қарымта финалда жеңіске жету үшін санаулы секундтар жеткілікті болды. Қуанышым әлі де басылар емес. Өз елімде, өз жерімде, өз жанкүйерлерімнің көз алдында жарқын жеңіске қол жеткізе алғаныма шаттанып отырмын. Сонымен қатар бұл жеңіс маған үлкен жауапкершілік жүктейтінін де жан-тәніммен сезінемін. Енді мамандар мен жанкүйерлердің әр қадамымды жіті қадағалайтыны анық. Сол сенім үдесінен шығу үшін маған енді бұрынғыдан да көп еңбектену қажет.

Жас дзюдошыны алда байрақты бәсекелер күтіп тұр. Татамидегі тұғырды тұрақты ұстау үшін спортшыда сенімділік қажет. Бұл жағы Шамшаевта дұрыс секілді. Даниярға Азия чемпионаты көп тәжірибе берген сынайлы.

– Нұр-Сұлтандағы жарыс менің өз-өзіме деген сенімімді күшейтті. Шын ниеттенсем, қолымнан көп нәрсе келетінін түсіндім. Сол себепті әлемдік додада да барымды салып, Қазақ елін қуантуды көздеймін.

Еламан жеңімпаз атанды

Ақтауда дзюдодан Тұрат Жолдыбаевты еске алуға арналған халықаралық турнир аяқталды. Бұл жарыста жерлесіміз Еламан Ерғалиев ауыр салмақта күш сынасып, жарыс жеңімпазы атанды.

Бұл бәсекеде құрама командамыз 5 алтын, 7 күміс және 13 қола медаль иеленді. Каспий жағалауында өткен жарыста Сұңғат Жұбатқан (66 келі), Асқар Нарқұлов (73 келі), Ерзат Арғынов (81 келі), Ерқанат Молдағұлов (100 келі) және Еламан Ерғалиев (100 келі) суырылып шығып, бас жүлдені олжалады. Қалған екі салмақта өзбекстандық Достон Рузиев (60 кило) пен моңғолиялық Мунхбаяр Баттогтоо (90 келі) топ жарды. Финалда екеуі де біздің дзюдошылардан айласын асырды. Әйелдер арасындағы жарыста Қытай құрама командасы мүшелерінің мерейі үстем болды. Олар барлық жеті салмақ дәрежесінде дара шықты. Таяуда ғана Азия чемпионатының қола жүлдегері атанған Аруна Жанкелдина Ақтауда күміс медальды мойнына іліп, өз жанкүйерлерін тағы бір қуантты. Жалпы есепте Қазақстан құрамасы Қытайды алға жіберіп, екінші орынды иеленді.

Тағы бір айта кетерлік жайт, аталған жарыс Азия кубогы мәртебесіне ие. Сол себепті қатысушыларға рейтингтік ұпай беріледі.

Үздік нәтиже

Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстандағы алғашқы трансплантацияға 10 жыл толуына арналған ағзасы ауыстырылған және диализдегі науқастар арасында жарыс өтті.

Республикалық жарысқа Қазақстанның сегіз облысы мен Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының спортшылары қатысты. Қызылорда облысының құрама командасы бұл сында үздік нәтиже көрсетті.

Мұның ішінде боулинг, дартс, үстел теннисі, суда жүзу, волейбол ойындары бойынша Нұрсәуле Мейірбекова, Самат Әбшекенов, Оразбек Әбдімәжит, Руслан Омаров сынды қатысушылар жеңіс тұғырынан көрінді.

Айзада Түркияда топ жарды

Түркияда өтіп жатқан V Ислам ойындарында Ауыр атлетикадан 87 келіде сынға түскен Сыр спортшысы Айзада Мүптілдә жеңімпаз атанды.

Айзада серпе көтеруде 116 келі, жұлқа көтеруде 150 келі зілтемірмен Ислам ойындарының рекордын орнатты. Спортшымыз жалпы жарыс қорытындысы бойынша 266 келі зілтемірді бағындырып, жарыстың биік сатысына көтерілді.

Айта кетейік, Ислам ойындарында Қазақстан құрамасы 16 алтын, 15 күміс және 26 күміс медальмен жалпы есепте әлі де бесінші орында келеді.

«Алтын допқа» тім лайық?

Футболдан өткен жылдың үздігін анықтайтын сәт жақындады. Биыл «Алтын доптан» үмітті 30 ойыншы бар. Аланда жұлдызы жарқыраған футболшылардың есімі белгілі болды. Олардың қатарында жас аяқдопшылар да бар.

Бірінші бестік: Тибо Куртуа («Реал», Бельгия), Рафаэл Леау («Милан», Португалия), Кристофер Нкунку («Лейпциг», Франция), Мұхамед Салах («Ливерпуль», Мысыр), Йозуа Киммих («Бавария», Германия).

Екінші бестік: Трент Александер-Арнольд («Ливерпуль», Англия), Винисиус Жуниор («Реал», Бразилия), Бернарду Силва («Манчестер Сити», Португалия), Луис Диас («Ливерпуль», Колумбия), Роберт Левандовски («Барселона», Польша).

Үшінші бестік: Рияд Марез («Манчестер Сити», Алжир), Каземиро («Реал», Бразилия), Сон Хын Мин («Тоттенхэм», Оңтүстік Корея), Фабиньо («Ливерпуль», Бразилия), Кәрім Бензема («Реал», Фран¬ция).

Төртінші бестік: Филип Фоден («Манчестер Сити», Англия), Харри Кейн («Тоттенхэм», Англия), Садио Мане («Бавария», Сенегал), Дарвин Нуньес («Ливерпуль», Уругвай), Майк Меньян («Милан», Франция).

Бесінші бестік: Кевин де Брюйне («Манчестер Сити», Бельгия), Себастьян Аллер («Боруссия» Дортмунд, Кот-д'Ивуар), Лука Модрич («Реал», Хорватия), Криштиану Роналду («Манчестер Юнайтед», Португалия), Антонио Рюдигер («Реал»/«Челси», Германия).

Алтыншы бестік: Жоау Канселу («Манчестер Сити», Португалия), Эрлинг Холанд («Манчестер Сити», Норвегия), Килиан Мбаппе («ПСЖ», Франция), Вирджил ван Дейк («Ливерпуль», Нидерланд) және Душан Влахович («Ювентус», Сербия).

Осылардың арасынан теңбіл доптың теңдессізі анықталғаннан соң «Алтын допты» табыс ету рәсімі биыл 17 қазанда Францияның бас шаһары – Парижгдегі дю Шатле театрында өтеді. Бір айта кетерлігі, 2005 жылдан бері алғаш рет үміткерлер тізіміне Аргентина құрамасы мен ПСЖ клубының шабуылшысы Лионель Месси енбей қалды.

Ол өзінің спорттық карьерасында «Алтын допты» жеті мәрте иеленген болатын.

Сонымен қатар France Football 21 жасқа толмаған жас футболшылардың арасынан да үздіктерді анықтайды. Бүгінгі таңда «Трофей Копа» (Кора Trophy) сыйлығынан мына ойыншылар үмітті: Кәрім Адейеми («Боруссия» Дортмунд, Германия), Джуд Беллингем («Боруссия» Дортмунд, Англия), Эдуардо Камавинга («Реал», Франция), Гави («Барселона», Испания), Райан Гравенберх («Бавария», Нидерланд), Нуну Мендеш («ПСЖ», Португалия), Джамал Мусиала («Бавария», Германия), Йошко Гвардиол («РБ Лейпциг», Хорватия), Букайо Сака («Арсенал», Англия) және Флориан Вирц («Байер», Германия).

Естеріңізге сала кетейік, «Алтын доп» (фр.Ballon d'Or) – француздық «France Football» журналы күнтізбелік жылдың үздік футболшысына беретін жыл сайынғы футбол жүлдесі. Әдетте футболшы үшін ең беделді жеке сыйлық болып саналады. «Алтын допты» алғашқы тапсыру марапаты 1956 жылы өтті. 2010 жылы «France Football» мен ФИФА арасындағы келісім нәтижесінде «ФИФА Алтын добы» атты жаңа марапат пайда болды. Ол «ФИФА жыл ойыншысы» марапаты сияқты «France Football»-дан «Алтын доп» беру тоқтатылды. 2016 жылы «France Football» мен FIFA серіктестігі тоқтатылды, сондықтан «France Football» «Алтын доп» жүлдесін беруді қайта бастады.

1956 жылдан 2006 жылға дейін «Алтын допты» табыстау футбол журналистері арасында дауыс беру жолымен өтті, 2007 жылдан бастап ұлттық құрамалардың жаттықтырушылары мен капитандары дауыс беру құқығына ие болды. Бастапқыда «Алтын доп» тек еуропалық ойыншыларға берілді, бірақ 1995 жылы оны тапсыру кез-келген ұлттың футболшысы үшін мүмкін болды, егер ол еуропалық клубта өнер көрсеткен болса 2007 жылдан бастап «Алтын допты» бүкіл әлемдегі кез-келген кәсіби футболшы ала алады.

Бөлімді дайындаған: Е.ШӘРІБЕК

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

ЧУПА-ЧУПС ПА, ҚҰРТ ПА?

Ине шықса да, түйме шықса да, әйтеуір, өзіміздің отандық өнім болғанын құп көреміз. Себебі ішер ас-суымыз, киер кіиміміз бен күнделікті пайдаланатын тұрмыстық заттың басым бөлігі шетелден әкелінеді.

Патенттеген дүниеміз аз. Бірақ талпыныс, құлшыныс бар. Оған тележүргізуші, актер Рахман Омардың құрт шығаруды қолға алуы және оны патенттеуі дәлел. Актер оны шетелге алып шығуға немесе шетелден келген қонақтарға ұсынуға болатындай етіп, ерекше базарлық түрінде шығарған. Қазір еліміздің әр түкпірінде таяқшалы тәтті чупа-чупстың орнын басқан өнімнің саудасы қызу.

Актердің айтуынша, ашаршылық, зұлмат жылдарында халыққа талғажау болған тағамның қадірін біз жете түсінуіміз керек. Бүгінде нарықта құрттың түр-түрі бар. Бірақ нағыз құртты табу қиын. Сондықтан сапалы өнім балалар іздеп жүріп жейтін чупа-чупс пішінінде дайындалған. Оны қазақтың дәмінен тату үшін шетелдіктерге де тарту етуге болады.

– Дүкен сөрелерінде көз жауын алатын алуан түрлі химикат қосылған өнім қаптап кетті. Жастың да, жасамыстың да назарын аудартпай қоймайтын дизайн еріксіз өзіне тартып тұрады. Олардың басым бөлігі – пайда көздеген шетелдік компаниялардың өнімдері. Байқап қарасаңыз, құрамы да түсініксіз, ал ол химиялық консерванттардың зияны айтпаса да түсінікті. Шетелге барғанда да елдің атынан базарлыққа не апарып жүрміз? Мәселен, сыйлығының тарихын сағаттап баяндап, түрік ағайындар лукум әкеледі, арабтар құрмасын дәріптейді. Бұл мәселе мені бейжай қалдырмады. Құрт – біздің асыл тасымыз. Сондықтан көп созбай, серіктестермен бірге «Asyl Tas Holding»-ты құрдық. 2 жыл уақыт кетті. Нәтижесінде құртты патенттеп алдық. Бүгінде отандық өнімді қолдаушылар көп, – дейді Рахман Омар.

Әңгіме барысында актер құрт салынатын қораптардың түр-түрі барын айтты. Мәселен, көк және қара қорапша сыртында 3 тілде өнім туралы ақпарат берілген. Қара қораптың ішінде Абайдың 7-ші қара сөзі жазылған. Дәлірек айтсақ, ұлы ойшылдың адамзатқа қатысты айтқан қара сөзі әрі құрттың қазақ тарихындағы маңызы келтірілген. Әрбір сатып алушы осылайша ауылдың дәмін татып, тарихқа, құртқа біз үшін қаншалықты маңызға ие екенін түсіне алады.

–Таяқшалы тәтті шығаратын Chupa Chups Group XXI ғасырдың басында-ақ сауда көлемін 400 миллион доллардан асырған. Негізін салушы испандық Енрик Бернат сол кездері барлығын қарапайым ғана ағаш таяқша мен мұз кәмпиттен бастаған. Ал танымал суретшімен достық әрі табысты зерттеулер тәттінің әлемнің түкпір-түкпіріндегі ең сүйікті дәміне айналуына ықпал етті. Оның қасында біздің құрттың 40 түрлі пайдасы бар. Медицина мамандары да осыған келіседі. Ұлттық өнімімізді қайта жаңғыртып, ұлттық брендті насихаттау өз қолымызда. Құнарлы құрт қазаққа тиесілі, сондықтан оны бірге дәріптеуге шақырамын, – деп түйіндеді тележүргізуші.

М.СНАДИН

Солақайдың сыры

Исаак Ньютон, Наполеон Бонапарт, Альберт Эйнштейн, Чарльз Чаплин... Аталған тұлғалар әр ғасырдың өкілі болғанымен ортақ ерекшелік біріктіреді. Олар – солақайлар. Ескі таптаурынға салсақ, солақайлар икемсіз, өзіне сенімсіз келетіні көп айтылатыны жасырын емес. Алайда, шын мәнінде ерекше адамдардың болмысы қандай? Оларға қатысты әлемде қандай көзқарас, наным-сенім бар? Саралап көрелік.

Ғалымдардың болжауынша, қазіргі таңда адамдардың 90 проценті оңқай. Содан болар, күнделікті өмірде солақай адамды көре қалсақ таңырқай қараймыз. Ол бізде ғана бар әдет емес, әлемге тән әрекет. Себебі ескі заманда да солақайларға көзқарас қалыпты болмаған. Мысалы, ежелгі жапон жігіттері солақай ұрпақтың өмірге келуінен қауіптенгендіктен солақай қыздардан барынша бойын аулақ салуға тырысқан екен. Ал Қытайда тіпті сорақы. Ол жақта солақайларды нашар адам деп санап, оларды түсінде көрсе де жамандыққа жорыған.

Ал қазақ даласында, әсіресе Кеңес үкіметі тұсындағы солақай балаларға қарсы ұстаным, педагогикалық шешімнің сыры әлі ашылмай келеді. Себебі кеңес өкіметі кезінде солақайларды оңқайландыруға тырысып, оларман жасырын түрде күрес жүргізілгендігін де екінің бірі білген жоқ. Нәтижесінде көптеген бала оқудан шығып қалды. Негізі көптеген тілде солақай сөзі жағымды мағына бермейді. Кеңес кезеңіндегі «солақай саясат» түсінігін айтпағанда, әлем тілдерінде бұл сөз «бұрыс жол, қисық бағытты» деген мағына береді.

Әрине, мұның барлығы ескі түсінік, қате байлам. Ғалымдар әлдеқашан солақай адамның ерекшелігі мен өмір жолы өзгеден артық-кемі жоғын дәлелдеп үлгерді. Тіпті, солақай болу себебі де зерттелген. Адамдардың басым көпшілігінде миының сол жақ жарты бөлігі басымдау, икемділеу билесе, бірсыпыра адамдардың оң жақ бөлігіндегі миы жетекшілік тізгінін алып кетеді. Демек, солақай жандардың сол жақ ми бөлігі жетекші. Ал кішкентай баланың солақай екенін анықтау үшін көзін байлап алға жүргізу керек. Егер бала оңға бұрылса – солақай, солға бұрылса – оңқай деген сөз. Күннен-күнге қарыштап дамып келе жатқан медицина құрсақта жатқан жас сәбидің де солақай немесе оңқай екененін небәрі 10-11 аптада анықтайтын дәрежеге жетіп отыр. Оны білу де аса қиын емес. Ана құрсағында жатқан нәрсте оң қолының бас бармағын сорса – оңқай, сол қолының бармағын сорса – солақай болып дүниеге келетіні анықталған.

Әлемдегі адамдардың санынан солақайлардың үлесі тек 10 процент. Қызығы сол, бұл көрсеткіш тас дәуірінде 50 процент, қола дәуірінде 25 процент болған көрінеді. Ғалымдар солақай адамдардың азаюының себебін күнделікті тұрмыстағы және мереке кезіндегі көптеген бұйымның оңқайларға арнап жасалғандығымен түсіндіреді. Мәселен, АҚШ-тағы солақай ұшқыш ұшағы апатқа ұшырағанда арқасындағы парашюттың оң жақта орналасқан тартқышын тарта алмай мерт болған. Статистикаға сүйенсек, әлемде жыл сайын осы секілді жағдайлармен 2000-ға астам солақай қаза болады екен.

Психологтар болса, солақай жандар өте сезімтал келетінін алға тартады. Ғалымдардың тұжырымынша, солақайларға жетекші болатын мидың оң жақ бөлігі сезгіштікке жауап береді. Біз уақыт мезгілдерін, бейнелерді, сезімді, ырғақты, түстерді, тағы басқа нәрселерді сол арқылы қабылдаймыз. Елес, қиял, арман да бізге осы жақ арқылы келеді. Ал мидың сол жақ бөлігі арқылы біз әр нәрсенің қисынын келтіреміз, жүйелеп, реттейміз. Ақыл-ой, парасат деңгейіміз осыған байланысты. Сөйлеміз, ойымызды жеткіземіз, нақтылаймыз. Солақайлардың шығармашыл қабілетінің жоғары болатыны сондықтан. Олар көбіне әртіс, суретші, жазушы, музыкант болып келеді. Спортта, әсіресе бокста солақайлар жақсы бағаланады. Әлемдегі боксшылардың алған алтын медальдарының 40 проценті солақайлардың жеңісі.

Өнер мен саясат, тарих пен спортта солақайлар көп-ақ. Әйгілі солақайлар қатарында Аристотель, Юлий Цезарь, Уинстон Черчилль, Пушкин, Толстой, Шопен, Леонардо да Винчи, Елизавета патшайым секілді тұлғалар бар. Қазақ халқында да солақай асыл азаматтар жетерлік. Мысалы, сол қолымен домбыра шертканде талай оңқайды шаң қаптырған Нұрғиса Тілендиевтің өзі неге тұрады. Солақайлардың санатына Сейдахмет Бердіқұлов, Гүлфайруз Исмаилова, Нұрғали Нүсіпжанов, Мұрагер Сауранбаевты да қосуға болады.

Иә, солақай болу кемшілік емес. Керісінше, артықшылық. Егер әлемдегі әрбір дүниеге келген 100 сәбідің тек біреуі ғана солақай болатынын ескерсеңіз, баланы расында ерекше адам болғаны. Сонымен қатар солақай балалардың өмірде жолы да, табысты болашаққа қол жеткізуі де ата-анаға тікелей қатысты. Егер оны оңқайлыққа мәжбүрлеп үйретуге тырыссаңыз, ол өзін басқа балалардан кем санайтын жасық болып өседі. Мұндай сабақтар баланың күйгелек, ашушаң болып өсуіне, тіпті кекештеніп қалуына да себепші болуы мүмкін. Сондықтан солақайларды барынша мақтан тұтып, қолдау білдіру артық етпейді.

Берен ШАҒЫРОВ

ЖҰЛДЫЗ-ЖОРАМАЛ

(18-25 тамыз)

Тоқты
Көп уақытты серуендеп, көңіл көтеруге арнаңыз. Қиын күндерді ұмытып, жаңа күнге жаңа көзқараспен қараңыз. Бұл апта сіз үшін өте маңызды, сондықтан шешімді асықпай қабылдаңыз!

Торпақ
Аптада жоспарыңыз түгелдей орындалады. Сол себепті уақытты үнемдеген жөн. Сізді ерекше мүмкіндік күтіп тұр. Сондықтан барлық жақсылықты қуана қабылдай біліңіз.

Егіз
Уақытыңызды текке өткізе бермеңіз. Батыл әрі нақты сөйлеңіз, бір нәрсені ойласаңыз, жоспарды міндетті түрде орындауға тырысыңыз.

Шаян
«Жұмыс, карьера» деп өзіңізді ұмытпаңыз. Айналаңыздағы адамдардан еш қорықпай, батылырақ бола түсіңіз. Сізді ешкім де қорқытып, үркіте алмайды. Ойыңызға келген мақсатты нақты жоспарлап, орындай біліңіз. Жаныңыз қалаған нәрсені жасауға тырысыңыз.

Арыстан
Сізді маңызды бір кездесу күтіп тұр. Сондықтан жүрген жүрісіңізге де, киген киіміңізге де аса мән берген жөн. Қызметіңіз жоғарылап, көп жетістіктерге жетесіз. Дегенмен жақсылық жасаған адамдардың қадірін біліңіз.

Бикеш
Жақыныңызға сізден көмек керек болады, сондықтан қасында болғаныңыз жөн. Егер бір кездесу бола қалса, ол сіздің өміріңізді өзгертуі де мүмкін. Апта соңында күтпеген тосын сый болғалы тұр.

Таразы
Жоспарыңыздың көп бөлігі орындалайын деп тұр. Егер сіз тырыссаңыз керемет жұмыс тауып қалуыңыз мүмкін. Жақын жандардан да көмек сұраған жөн.

Сарышаян
Сіздің айыңыз оңынан туып, жұлдызыңыз жарқырайтын күн алыс емес. Жақындарыңыз қолдау көрсетіп, өзіңізді тағы бір қырыңыздан көрсететін кез туды. Егер сіз осы бетіңізден таймасаңыз, аз күнде биіктен көрінетініңіз анық.

Мерген
Махаббатта жолыңыз болады. Тек жүрегіңізді тыңдаңыз. Қаражат жағынан қиындық туындауы ықтимал. Сондықтан қаржыңызды үнемдеп жұмсаңыз. Жұлдыздар көп серуендеуге кеңес береді.

Тауешкі
Қаражат жағы қалтаңызды жұқартуы мүмкін. Қиындық туындауы ғажап емес. Жақын арада кәсіп бастаған жөн.

Суқұйғыш
Өз күшіңізге сенесіз, әлі талай белесті бағындырасыз. Тек жоспарды бір пысықтап алыңыз. Отбасылық демалыстың сізге тигізер пайдасы зор болмақ.

Балық
Бұл аптаны отбасыңызбен өткізіңіз. Жұмысты, жоспарды ысырып қойып, жақындардың қасында болыңыз. Өмірдің қызығын сезініп, отбасылық жылулықтың қадірін түсініңіз. Апта сіз ойлағаннан да қызықты өтеді.

Кезекші редактор: Е.ШӘРІБЕК

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген.
«Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жариялаңымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Таралымы: 7413
Тапсырыс: 1369